

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**TIMSS ЖӘНЕ PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ОҚУШЫЛАРДЫ
ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕР ЖИНАҒЫН ӘЗІРЛЕУ**

Есептер жинағы

**РАЗРАБОТКА СБОРНИКА ЗАДАЧ ПО ПОДГОТОВКЕ УЧАЩИХСЯ К
МЕЖДУНАРОДНЫМ ИССЛЕДОВАНИЯМ TIMSS И PISA**

Сборник задач

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 17 наурыз № 3 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 марта 2016 года)

TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағын әзірлеу. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. - 59 б.

Разработка сборника задач по подготовке учащихся к международным исследованиям TIMSS. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. - 67 с.

Есептер жинағы оқушыларды TIMSS және PISA халықаралық зерттеулеріне дайындау мақсатында әзірленген. Жинақта тапсырмаларды орындау бойынша нұсқаулық пен математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалардың шығару жолдарының үлгілері келтірілген. Есептер жинағында математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығы бойынша 130-дан астам тапсырма берілген.

Бұл басылым жалпы білім беретін мектептің оқушыларына және математика, жаратылыстану, тіл мен әдебиет білім саласы пәндерінің мұғалімдеріне, білім беру мекемелерінің басшыларына, білім беру басқармалары өкілдеріне, біліктілікті арттыру институттары оқытушыларына, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен авторларына арналған.

Сборник задач составлен в целях подготовки учащихся к международным исследованиям TIMSS и PISA. В сборнике дана инструкция по выполнению заданий и приведены образцы выполнения заданий по естественнонаучной, математической грамотности и грамотности чтения. Сборник задач содержит более 130 заданий.

Данное издание адресовано учителям предметов образовательных областей «Естествознание», «Математика», «Язык и литература», учащимся общеобразовательных школ, руководителям организаций образования, методистам управлений образования, преподавателям институтов повышения квалификации, авторам учебников и учебно-методических комплексов.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2016.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2016.

1 TIMSS халықаралық зерттеулеріне 8-сынып оқушыларын дайындайтын есептер жинағы

1.1 Тапсырмаларды орындауға нұсқау

TIMSS математика және жаратылыстану ғылымының білім сапасын халықаралық салыстырмалы мониторингтік зерттеу жалпы балім саласындағы негізгі мониторингтік зерттеулер болып табылады. Ол математика және жаратылыстану ғылымының білім саласындағы білім тенденциясын бақылауға көмектеседі. Зерттеу барысында бастауыш мектептердегі 4 сынып және 8 сынып оқушыларының жетістіктері бағаланады.

8-сынып оқушыларын TIMSS халықаралық зерттеулеріне дайындауға арналған жинақ екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «География», «Биология», «Химия», «Физика» пәндерінен және екінші бөлімде «Математика» пәнінен тапсырмалар берілген.

Жаратылыстану

Ғылыми-жаратылыстану циклі бойынша тапсырмалар TIMSS халықаралық зерттеулері тапсырмаларының жасалуы құрылымына сәйкес әзірленген.

1-кесте – Жаратылыстану бойынша тапсырмалар

| Мазмұндық бөлімдер | |
|-----------------------------------|--|
| Биология: | ағзадағы сипаттамалар мен тіршілік процестері; жасуша және оның функциялары; ағзадағы тіршілік циклдары, көбею және тұқым қуалаушылық; әртүрлілік, бейімділік және табиғи сұрыптау; адам және оның денсаулығы; экожүйелер. |
| Химия: | заттардың құрамы және жіктелуі; заттардың қасиеті; химиялық процестер. |
| География және астрономия: | Жер құрылысы және оның физикалық сипаттамасы; жергілікті процестер; тарих және циклдар; жер ресурстары және қоршаған ортаны қорғау; Күн жүйесіндегі жер. |
| Физика: | зат алмасудағы өзгерістер және физикалық жағдайы; энергия көздері; жылу құбылыстары; жарықтық және магниттік құбылыстар; күш және қозғалыс. |

Тестке қатысушылардың нәтижелілігі оқу танымдық іс-әрекеттің түрлері білу, қолдану және ойлау бойынша бағаланады.

2-кесте – Оқу танымдық іс-әрекеттер

| Түрлері | Танымдық аймақтар |
|---------|---|
| Білу | Ғылыми жаратылыстану дәлелдерін жады бойынша жаңғырту; терминдер мен түсініктерін анықтау; ағзаларды, процестерді, байланыстарды сипаттау; білімдерін дәлелдеу, мысал келтіру; мәліметтер мен жабдықтарды қолдануда білім арқылы көрсету. |
| Қолдану | Ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын салыстыру, берілген нысандарды жіктеу; суреттеу; модельдерді, диаграммаларды қолдану, байланысын табу, мәліметті және түрлі құбылыстарды түсіндіру. |
| Ойлау | Мәселелерді шешу, талдау, жинақтау, жаратылыстанудың әртүрлі бөлімдері бойынша білімдерін ықпалдау, шешімдері мен болжамдарын тұжырымдау, берілген тапсырмаларға сәйкес эксперимент жоспарлау; процестер мен құбылыстардың басымдығы мен кемшіліктерін бағалау. |

Математика

Математика пәні бойынша тапсырмалар TIMSS тапсырмаларының жасалуы құрылымына сәйкес әзірленген.

3-кесте – Математика пәнінен тапсырмалар

| Мазмұны |
|---|
| <i>Сандар</i> : натурал сандар; жай және ондық бөлшектер; бүтін сандар; нақты сандар; қатынас, пайыз және пропорция |
| <i>Алгебра</i> : тәуелділік; алгебралық өрнектер; өрнектер/теңдеулер және функциялар |
| <i>Геометрия</i> : геометриялық өлшеулер; геометриялық фигуралар; фигуралардың орналасуы мен қозғалысы |
| <i>Мәліметтер және ықтималдық</i> : Мәліметтермен жұмыс; мәліметтерді беру; ықтималдық |

Сандар бөлімі натурал сандар; жай және ондық бөлшектер; бүтін сандар; нақты сандар; қатынас, пайыз және пропорция ұғымдарын түсінумен қатар оларды түрлі есептерді шығаруда қолдану біліктігін қамтиды.

Алгебра бөлімінің сұрақтары математикалық ситуациялық есептерді шығару кезінде заңдылықтарды анықтау мен алгебралық символдарды қолдануға бағытталған.

Геометрия бөлімінің тапсырмаларын орындау барысында оқушылар жазықтықтағы және кеңістіктегі фигуралардың, қабырғалардың ұзындықтарының, бұрыш өлшемдерінің қасиеттеріне талдау жүргізе білуі керек.

Дереккөз: <http://text.ru/rd/aHR0cDovL3d3dy4xMDAtZWRR1LnJ1L21hdGVtYX Rpa2Ev MjU0ODQvaW5kZXguaHRtbD9wYWdlPTk%3D>

Мәліметтер және ықтималдық бөлімі график және кесте түрінде берілген мәліметтері бар тапсырмалардан тұрады.

Тапсырманы орындағанда төмендегі нұсқаулықты басшылыққа алу ұсынылады:

1. Тапсырмаларды бар ықыласыңызбен оқыңыз және негізгі ақпаратты тауып алыңыз.

2. Есептердің суреттері, сызбалары, графиктеріне және физикалық үдерісті түсінуді жеңілдететін кестелерге көңіл аударыңыз.

3. Есептің шығарылуын жеңілдететін ықшамдалған сөйлемдерді құрастыру қажет.

4. Қажеттілігіне қарай схемалық сызба немесе сурет салуға тырысыңыз.

5. Көпшілік жағдайда есептің барлық шамаларын тиісті әріптермен белгілеп және оларға қажетті есептеулер жасап, жалпы түрде шығарған пайдалы.

6. Жалпы түрде шығарып алып, біркелкілігін талдап немесе бұрын шығарылған ұқсас есеппен салыстырып, оның дұрыстығына көз жеткізуге тырысыңыз.

1.2 Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы

1-тапсырма

Энергияның балама көздері дегеніміз – болашақта энергия алудың, берудің және пайдаланудың жиынтығы. Олар дәстүрлі энергия көздері тәрізді кеңінен таралмаған, алайда пайдаланудың тиімді, қоршаған ортаға зиян келтіру қаупінің төмен болуына байланысты қызығушылықты тудырып отырған сала болып табылады.

Сіздің ойыңызша энергияның балама көздеріне нелер жатады? Өз ойыңызды жазыңыз және дәлел келтіріңіз.

2-тапсырма.


Қазақстанда энергияның балама салаларын дамытуға қолайлы аймақтар бар ма? Осы аймақтарды атаңыз және негіздеме келтіріңіз.

3-тапсырма.

Энергияның балама салаларын дамыту не үшін қажет деп ойлайсыз?

4-тапсырма.

Кейбір жанартаулық тау жыныстарында көптеген бос қуыстар болады (1-сурет).



1-сурет – Жанартаулық тау жыныстары

Бұл бос қуыстар қалай пайда болған?

A. Тау жынысы жұмсақ болған кезде, жәндіктер оның ішінен шұңқырлар қазған.

B. Тау жынысы суыған кезде, оның ішінде газ көпіршіктері бөлініп шыққан.

C. Тау жынысы жұмсақ болған кезде, оған жаңбыр тамшылары тамған.

D. Тау жынысы суыған кезде, оның ішінен кішкентай тастар түскен.

5-тапсырма.

Дүние жүзінің ең ірі гейзерінің бірі – Эксельсиор гейзері АҚШ Йеллоустон паркінің кереметі болып саналады. Оның су бұрқағы жағасы шың құзды және/немесе жартасты болып келетін көлдің ортасынан жоғары қарай атқылайды.

Гейзердің атқылауы барысында болатын құбылыстарды суреттеңіздер.

6-тапсырма.

Америка Құрама Штаттарында жылына 640 ретке дейін болатын құбылыс бар. Ол құбылыс жазықтықтық Техас, Оклахома, Канзас, Небраско штаттарында жиі байқалады. Аталған штаттарда өмір сүретін адамдар табиғаттың бұл апатты құбылысынан жасырыну үшін өз үйлерінде қорғаныс баспаналар салады.

Бұл құбылыс қалай аталады?

7-тапсырма. Аласа таулы өлкелер

Гүлжан еліміздегі аласа таулар туралы деректер жинап, аласа таулардың биіктіктерін кестеге енгізді (4-кесте).

4-кесте – Таулардың биіктіктері

| Таудың атауы | Биіктігі |
|--------------|----------|
| Қызылтас | 1283 м |
| Қызыларай | 1565 м |
| Кент | 1415 м |
| Қарқаралы | 1403 м |
| Баянауыл | 1026 м |

Гүлжан жинақтаған деректерін диаграмма түрінде көрсетпекші болды. Диаграмма салуды аяқтаңыздар (2-сурет).



2-сурет – Диаграмма

8-тапсырма. Жануарлар

Жануарлардың көпшілігі аяқтары болғандықтан еркін қозғала алады. Қозғалып жүретін мүшелері жоқ жәндіктер де, жануарлар да бар. Мысалы, жыландар, құрттар. Теңіз түбін мекен ететін маржан бекінген орнынан қозғалып жүрмей-ақ өмір сүре алады. Медузалар мен теңіз құрты реактивті қозғалыс жасап, аяқсыз-ақ шапшаң жүзе алады.

Сұрақ: Жануарлардың қозғалысын күнделікті өмірде кездесетін қандай көліктердің қозғалысымен салыстыруға болады? Мысалдар келтіріңіздер.

9-тапсырма. Топырақ

Топырақ дегеніміз – ерекше табиғи дене. 3-суретте бейнеленгендей топырақ түрлі организмдердің, жылудың және атмосфералық жауын-шашынның әсерінен пайда болған.

Сұрақ: Топырақтың пайда болуына қандай факторлар әсер етеді?
2-кестеге ия/жоқ жауабын жазыңыздар.



3-сурет – Топырақтың пайда болуы

5-кесте – Топырақ түзуші факторлар

| | Ия | Жоқ |
|------------------------|----|-----|
| Адамның іс-әрекеті | | |
| Климат және ішкі сулар | | |
| Өсімдіктер | | |
| Жануарлар дүниесі | | |
| Бунақ денелілер | | |
| Микробтар | | |
| Саңырауқұлақтар | | |

10-тапсырма.

Жер бетінде ғажайып материк бар. Оның ғажайып болу себебі келесіде: егер саяхатшы кемемен осы материктің жағалауымен батыстан шығысқа қарай жүзсе, үш мұхитты кесіп өтеді. Бұл материкте солтүстік пен оңтүстік орындарын «ауыстырады». Сонымен бірге бұл жерде адам теңіз бен құрылықты айыра алмайтын күйге түседі.

Сұрақ: бұл қай материк?

Қандай үш мұхитты жүзіп өту керек?

Неліктен оңтүстік пен солтүстік бір уақытта орындарын ауыстырады?

Неліктен бұл жерде теңіз бен құрылықты айырып алу қиындық туғызады?

11-тапсырма.

Бұл бұғаз бір уақытта бірнеше қызмет атқарады: екі мұхитты және екі теңізді жалғастырады, екі материкті, дүниенің екі бөлігін, екі түбекті, екі мемлекетті бөледі.

Сұрақ: бұл қай бұғаз?

Бұл бұғаз жалғастыратын (қосатын) және бөлетін нысандарды жұп-жұбымен жазыңыздар.

Екі мұхит –

Екі теңіз –

Екі материк –

Дүниенің екі бөлігі –

Екі түбек –

Екі мемлекет –

12-тапсырма.

Гималай тауларының бөктеріндегі Черрапунджи елді мекенін құрлықтың «ең ылғалды жері» деп атайды. Бұл жерде жылына 12000 мм жауын-шашын түседі.

Сұрақ: бұл құбылыстың себебін қалай түсіндіруге болады?

Астана қаласына осынша жауын-шашын мөлшері қанша уақытта түсетінін есептеңіздер.

Дүние жүзінде жауын-шашын мөлшері көп түсетін тағы қандай жерлерді білесіздер, атап шығыңыздар.

13-тапсырма.

Солтүстік Америкада радиодан және теледидардан мысалда келтірілгендей ұсыныс-хабарлама жиі болады. Мысал: егер сіз үйде болмасаңыз және жақын жерде ешқандай баспана болмаса – жақын жердегі арыққа немесе ойпаң жерге етпетіңізден жатыңыз, басыңызды қолыңызбен немесе қалқан бола алатын затпен жабыңыз. Егер сіз машинада болсаңыз – жүріп кетуге тырыспаңыз, машинадан түсіңіз және жақын жердегі орға жатыңыз. Егер сіз үйде болсаңыз терезеден, есіктен және үйдің ішкі қабырғаларынан алшақ тұрыңыз, үйдегі жертөлеге тығылыңыз. Жылжымалы үйде, шатырда болсаңыз, одан шығып неғұрлым сенімді баспана табуға тырысыңыз.

Аталған ұсыныстарды сақтаған жағдайда, адам өзінің өміріне төніп тұрған қауіпті және жарақат алу қаупін азайтуына болады.

Сұрақтар:

1. Бұл ұсыныстар қандай табиғи құбылыс барысында маңызды болып табылады?

2. Бұл құбылыстың нәтижесінде болатын зардаптар немен байланысты?

3. Бұл құбылыс туралы не білесіздер?

4. Жер шарының қай аймақтарында жиі байқалады?

5. Қазақстанның жекелеген аймақтарының халқы үшін бұл ұсыныстардың маңызы бар ма? Маңызы бар болса, онда қандай аймақтар үшін? Себебін атаңыздар.

14-тапсырма. Зат алмасуы

Заттың және энергияның алмасуы – өзара байланысты үдерістер, бұл үдерістің бір де біреуі өз алдына жеке болмайды. Нәрлі заттардың құрамындағы химиялық байланыстар энергиясының қышқылдануы барысында, организмнен бөлініп шығады және қолданылады. Ағзаның өмір сүру қызметтерінің бәрі энергияның бір түрінің екінші түрге өтуі есебінен қамтамасыз етіледі. Алайда энергияның жалпы саны өзгермейді.

1-сұрақ. Зат алмасуы

Әр түрлі мамандық иелерінің мамандығына байланысты іс-әрекеттерінде жұмсайтын энергия мөлшері де әр түрлі болады. Мысалы, интеллектуалдық еңбекпен айналысатын адам, күніне 3000 килокалория жұмсайды. Ауыр дене еңбегімен айналысатын адам, күніне 2 есе кем энергия жұмсайды.

Дене күшін талап ететін еңбекпен айналысу барысында жұмсалатын энергия мөлшері пайдалы әрекет коэффициенті (ПӘК) деп анықталады. Оның орташа мөлшері – 20-25%, спортшыларда ПӘК жоғары болады. Қышқылдану барысында 1 г ақуыз – 4,1 ккал, 1 г май – 9,3 ккал, 1 г көмірсу – 4,1 ккал бөлетіні анықталған. Тағамдық азық-түліктердегі ақуыздардың, майлардың және көмірсулардың мөлшерін білген жағдайда, олардың құнарлылығын немесе энергиялық құнын анықтауға болады.

Тәулігіне 3000 ккал жұмсайтын адам, өз ағзасының энергиялық қажеттілігін толығымен қанағаттандыруы үшін тәулігіне қайсы мөлшерді қабылдауы керек?

- A. 732 грамм көмірсу.
- B. 732 грамм май.
- C. 150 грамм ақуыз.
- D. 732 грамм ақуыз және 732 грамм көмірсу.

2-сұрақ. Зат алмасуы

Бұлшық ет қызметі, белсенді қозғалыс, дене шынықтыру жаттығулары және спорт энергияны көп жұмсауды талап етеді. Нәрлі заттардың құндылығын ескере отырып, оларды ауыстыруға болады.

6-кестедегі пайымдаулар дұрыс па?

6-кесте – Зат алмасуы

| Р/с | Пайымдаулар | Ия/жоқ |
|-----|--|--------|
| 1 | Энергиялық құндылық тұрғысынан 1 г көмірсу 1 г ақуызға тең | |
| 2 | Егер тағамға ақуызды көп пайдаланатын болса, онда артық салмақ болмайды | |
| 3 | Ағза үшін тағамның жалпы құндылығы ғана маңызды | |
| 4 | Тағам мөлшерін құрастыру барысында қарқынды және ауқымды жаттығу күндері спортшылардың энергия жұмсауының ұлғаюын есепке алу қажет | |

Жүйке жүйесі, жүрек, тыныс алу бұлшықеттері, бүйрек, бауыр және басқа да ағзалар үздіксіз қызмет жасайды және энергияның белгілі мөлшерін тұтынады. Мысалы, жүрек үлкен жұмыс атқарады. Ол әр сағат сайын қолқаға 300 л шамасында қан лақтырып отырады. Бұл жұмыс қышқылдану үдерісі қарқынды жүріп жатқан жүрек бұлшықеттерінің жиырылуы есебінен жүзеге асырылады. Босаған энергияның нәтижесінде бұлшықеттердің механикалық жиырылуы қамтамасыз етіледі де соңында барлық энергия жылу энергиясына ауысады, ол ағзаға тарайды және қоршаған кеңістікке беріледі. Ұқсас үдерістер адам денесінің әр органда жүреді. Әр жағдайда ең соңында химиялық, электрлік, механикалық және басқа да энергия түрлері жылу энергиясына ауысады және сыртқы ортаға шашырайды.

3-сұрақ. Зат алмасуы

Энергия сыйымды, яғни жұмыс істеуіне көп энергия жұмсалатын органдарға жүрек пен бүйрек жатады. Сонымен бірге бұл органдардың салмағы онша үлкен емес.

А. Энергияны көп жұмсайтын органдардың тізімін жазыңыздар.

В. Энергия жұмсамайтын орган деп санауға болатын органдарды көрсетіңіздер. Неліктен?

15-тапсырма. Иммуитет

Жақсы иммунитет адамның көтеріңкі көңіл-күйін білдіреді, вирусты немесе бактериялы инфекциялық аурулар жұқтыру ықтималдығын азайтады. Егер адамды өз организмінің қорғаныс күштерінің жағдайы мазалайтын болса, иммунолог дәрігерге баруы және иммунограмма тапсыруы тиіс, ішектерінің микрофлорасының құрамын зерттеуі қажет. Иммунитеттің әлсіреген жағын анықтап, оны қалыпқа келтіруі тиіс.

Тез шаршағыштық, әлсіздік, ұйқысыздық, сонымен қатар ерінде ұшықтың, көзде теріскеннің, арқа терісінде шиқанның шығуы – адам организмі қорғаныс күштерінің әлсіреуін көрсетеді. Ангина, тонзиллит, құлақтың қабынуы, гайморит тәрізді инфекциялық аурулармен ауруға бейімділігі артады. Сонымен бірге организмнің жасалып жатқан емді қабылдауы бәсеңдейді, сауығу үдерісі созылып кетеді.

1-сұрақ.

Иммунитетті қалпына келтіру – адамның өз организміне қамқорлықпен қарауды талап ететін кешенді үдеріс. Иммунитетті нығайтудың тәсілдері (өз ойларыңызды жазыңыздар):

1. Ұйқы –
2. Дұрыс тамақтану –
3. Белсенді дене шынықтыру әрекеті –
4. Күйзеліс әсеріне шектеу қою –

2-сұрақ. 7-кестеде келтірілген мысалдардың қайсысы иммунитетті қалпына келтіруге көмектеседі? (Ия/жоқ).

7-кесте – Иммуниетті қалпына келтіру жолдары

| № | Мысалдар | Ия/жоқ |
|---|--|--------|
| 1 | Көкөністер және жеміс-жидектері бар тағамдар | |
| 2 | Адамдар көп жиналатын жерлерге бару | |
| 3 | Энергетикалық сусындар ішу | |
| 4 | Мекен жайды ауыстыру | |
| 5 | Таза ауада көп жүру, серуендеу | |
| 6 | Тағамға жартылай дайындалған өнімдерді қолданбау | |
| 7 | Бассейнге бару, салқын сумен құйыну, қарама-қарсы душ қабылдау | |

16-тапсырма.

Назгүл алма және лимон шырынымен эксперимент жасамақ болды. Ол алманы екіге бөліп, кесілген жағымен жайпақ ыдысқа салды. Алманың бір бөлігіне лимон шырынын сығып тамызды. Біраз уақыттан кейін лимон шырынымен «қорғалған» бөлігінің ақ қалпында қалғанын, ал алманың «таза» бөлігі қарайғанын байқады.

Алманың «таза» бөлігі неліктен қарайды?

17-тапсырма.


Оқушылар тауықтың жұмыртқасымен келесі тәжірибелерді жасап, қорытынды жазды.

Тауықтың шикі жұмыртқасын суы бар жарты литрлік шыны ыдысқа салды. Жұмыртқа шыны ыдыстың түбіне түсті. Жұмыртқаны алып шығып, сол суға 2 ас қасық тұз салып жақсылап араластырды және жұмыртқаны тұз араласқан суға қайтадан салды. Жұмыртқа батпайды, судың бетінде қалықтап жүреді.

Себебін түсіндіріңіздер.

18-тапсырма.

Биология сабағында мұғалім: адам орманға барғанда тынысы кеңіп, жеңіл демалатынын айтты. Оның себебі өсімдіктер адамның тыныс алуына қажетті оттегін бөледі. Өсімдіктердің оттегін бөлетінін дәлелдеу мақсатында келесі тәжірибені ұсынды. Ауа кіргізбейтін қақпағы бар биік, мөлдір шыны ыдыстың ішіне арнайы ыдыста өсіп тұрған өсімдікті (немесе өсімдіктің бір бұтағын) салып қойды (суреттегідей). Оны жылы, жарық жерге қойды (егер өсімдік оттегін шығаратын болса, шыны ыдыстың ішінде ол көп болуы тиіс) (6-сурет).




6-сурет – Шыны ыдыспен жабылған өсімдік

1-2 тәулік өткеннен кейін мұғалім оқушыларға «шыны ыдыстың ішінде оттегі жиналды ма?» деген сұрақ қойды.

Сұрақ: оттегінің бар екенін дәлелдеңіздер.

19-тапсырма.

Кремний хлориді (IV) SiCl_4 – түссіз, ұшқыш сұйықтық. Ақ түтін пайда болуы үшін, бұл сұйықтық бар ыдысты ашу жеткілікті. Булану барысында кремний хлориді (IV) ауадағы ылғалмен әрекеттеседі:



Бұл реакцияның нәтижесінде кремний қышқылының (H_4SiO_4) қатты бөлшектерінен тұратын түтін пайда болады.

Сұрақ: бұл түтінді қайда пайдалануға болады?

Келесі (20-23) тапсырмаларға өз ойларыңызды жазыңыздар және дәлелдеңіздер.

20-тапсырма.

Жалғыз аяқ (соқпақ) жол бойындағы өсімдіктер неліктен өліп қалады?

Жауапты бірнеше нұсқада беруге болады.

21-тапсырма.

Құм, балшық, қарашірік, минералды тұздардың әрқайсысынан бірдей мөлшерде алынған. Олардың бәрі араластырылып, онда аз мөлшерде су құйылған. Дайын болған қоспаны топырақ деп айтуға бола ма? Неліктен?

22-тапсырма.

Ауа райының ыстық болуы және жаңбырдың ұзақ уақыт болмауы жағдайында бау-бақша өсімдіктерін суарады. Құйылған су буланып кеткеннен кейін өсімдіктің түбіндегі топырақта жарықтары бар «қабыршықтар» пайда болады.

Қандай жағдайда өсімдіктер жақсы өседі:

1. Келесі суарғанға дейін «қабыршықтарға» тиіспеген жағдайда. Ия/жоқ.
2. «Қабыршықтарды» күн сайын қопсыту арқылы топырақты бұзып отырған жағдайда. Ия/жоқ.

23-тапсырма.

Батпақты жерлерде өсімдіктердің дамуы үшін су жеткілікті, алайда өсімдіктердің өсуі мен дамуы нашар және баяу. Неліктен?

24-тапсырма. Бөтелке ішіндегі жұмыртқа



7-сурет – Бөтелкедегі жұмыртқа

Бұл көпшілікке жақсы белгілі, классикалық тәжірибе. Бұл тәжірибенің жасалып жүргеніне жүз жылдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге дейін өзінің құндылығын жоймаған.

Тәжірибені өткізу жолы:

- кең ауызды бөтелкенің аузына сұйық май жағамыз;
- қағазды жағып, бөтелкенің ішіне жылдам саламыз (бұл әрекетті жасау барысында саусақтарыңызды күйдіріп алмас үшін, абайлау қажет);
- қабығынан аршылған тауықтың піскен жұмыртқасын бөтелкенің аузына қоямыз (жұмыртқа бөтелкенің аузынан әлдеқайда үлкен болуы тиіс);
- жанып жатқан қағаз бір секундтан кейін сөніп қалады, ал жұмыртқа белгісіз ғажайып тәсілмен бөтелкенің ішіне түседі.

Тәжірибенің нәтижесін түсіндіріңіздер.

25-тапсырма. Күн жүйесі


Күн жүйесі – Күннен, оны айнала қозғалатын 8 үлкен планетадан (Меркурий, Шолпан, Жер, Қызылжұлдыз, Есекқырған, Қоңырқай, Уран және Нептун), планета серіктерінен, мыңдаған кіші планеталардан (астероидтардан), шамамен 1011 кометадан және толып жатқан метеорлық денелерден құралған ғарыштық денелер жүйесі.

1-сұрақ. Күн жүйесі қозғалысы ілімін кім ашты?

2-сұрақ. Планеталар қандай топқа бөлінеді?

3-сұрақ. Қандай планеталар Күнге жақын орналасқан?

26-тапсырма.



8-сурет – Темір жол

Темір жолдарға металл рельстерді салғанда олардың қосылатын жерлеріне саңылаулар қалдырылады (8-сурет). Неліктен?

Төменде берілген жауаптардың қайсысы дұрыс?

А. Металл рельстер ыстық күндері ұлғаяды.

В. Металл рельстер суық күндері ұлғаяды.

С. Металл рельстер саңылауларының арасындағы ауаның көмегімен суық күйге ауысады.


Д. Пойыздар жүрген кезде металл рельстер тербеліске ұшырайды.

27-тапсырма.

9-суретте ішіне салынған электр қоңырауы бар шыны ыдыс бейнеленген. Электр қоңырауын қосқан кезде оның шырылдаған дауысын естуге болады.

Вакуум сорғыштың көмегімен шыны ыдыстың ішіндегі ауа сорылады.


Сұрақ: шыны ыдыстың ішіндегі ауаны сорып алғаннан кейін, электр қоңырауының дыбысы естіле ме? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.



9-сурет – Ыдыс ішіндегі ауаны сору

28 -тапсырма. Құмырсқалар

Құмырсқалар Жер шарында кеңінен таралған, тек Қиыр Солтүстік пен Антарктидада ғана кездеспейді. Құмырсқаның он мыңдай түрі бар. 10-суретте құмырсқалардың бірнеше түрлері көрсетілген.



10-сурет – Құмырсқалардың түрлері


Адам іс-әрекетінде құмырсқалардың өзіндік орны бар. Мысалы Оңтүстік Қытайда цитрустық жемістер өсіру барысында зиянкестермен күрес жүргізу үшін тоқымашы-құмырсқаларды пайдаланады.

Құмырсқалардың пайдасы туралы мысалдар келтіріңіздер.

29-тапсырма. Суланбайтын (ылғалданбайтын) қағаз

Түрлі сиқырлы тәжірибелер жасауда ауаны қолдануға болады.

Азамат таза, құрғақ стақанның түбіне қағаз сүлгіні умаждап салды. Стақанды төмен аударғанда қағаз сүлгінің түспейтініне көзін жеткізді. Стақанды су құйылған шұңғыл ыдысқа баяу қимылмен салды. Су стақанды түгелдей жапқанға дейін түзу ұстауға тырысты (11-сурет)



11-сурет – Суланбайтын (ылғалданбайтын) қағаз


Бірнеше секунд ұстап тұрып, стақанды судан алып шығып, сілкіп жіберді. Стақанды үстелдің үстіне қойып, ішіндегі қағаз сүлгіні алып шықты. Қағаз сүлгінің құрғақ қалпында қалғанын байқады.

Қағаз сүлгі неліктен суланбады?

Қағаз сүлгі сулануы үшін не істеу қажет?

30-тапсырма.

12 (а, ә)-суретінде көрсетілгендей А және В заттарының массасын таразыға қойып өлшеді. В затын А заты тұрған сауытқа салғанда, нәтижесінде С заты пайда болды. В заты ішінде болған бос сауытты қайтып таразыға қойды.



12-сурет – Заттардың массасын өлшеу


12,а-суретінде таразы 110 г массаны көрсетті. 12,ә-суретіндегі таразы қандай массаны көрсетеді?

- A. 110 г-нан артық.
- B. 110 г.
- C. 110 г-нан кем.

Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

31-тапсырма. Микроорганизмдер

Цианобактериялардың қалдықтары жер бетінде табылған (жасы 3,5 млрд жылдан астам) ежелгі микроорганизмдерге жақын. Оларды кейде көкжасыл балдырлар деп те атайды. Осы ядросыз ағзалардың жалғыз жасушасы екі немесе бірнеше бөліктерге бөлінеді (13-сурет). Әр бөлігі толық қызметті ағза болып табылады.



13-сурет – Ядросыз ағза жасушаларының бөлінуі

1-сұрақ

Егер екіге бөліну жолымен көбейген болса, 15 көбеюден кейін көкжасыл балдырлар қанша болады?

- A. 32768.
- B. 16587.

C. 12.554.

D. 14548.

2-сұрақ

Қандай көбею өзге ағзалармен тұқымқуалаушылық ақпарат алмаспай өз бетімен жүзеге асырылады?

A. Жыныссыз түрде.

B. Вегетативті түрде.

C. Фрагментациялану арқылы.

D. Прогенез түрінде.

3-сұрақ

Адамның терісі үнемі жаңарып отырады. Қайсыбір ағзалар бүтіндей органдарды да қалпына келтіре алады. Зақым келген жабындар мен органдарды тірі ағзалардың қалпына келтіре алу қабілеттері регенерация деп аталады. Төменде келтірілген жыныссыз көбею тәсілдерінің қайсысы регенерацияға негізделген?

A. Споралармен көбею.

B. Тамырланып көбею.

C. Фрагментацияланып көбею.

D. Вегетативті көбею.

32-тапсырма.

Ұлулар барша әлемге кең таралған тіршілік иелері (14-сурет). Олардың түрлерінің басым бөлігі тропикалық және субтропикалық теңіздерге таяу жерлерде өмір сүреді. Ұлудың түрі баршамызға таныс: жалпақ тегіс «аяғы», қос жұпты мұртшалары мен екі көзі бар.



14-сурет – Ұлу

1-сұрақ

Ұлу раковинасының түсі сары-қоңыр түстен ақшыл-қоңыр түске дейін кездеседі. Раковина түсі қандай жағдайға тәуелді?

A. Қабылданатын азыққа.

B. Жасына.

C. Раковина формасына.

D. Раковина иіріміне.

2-сұрақ

Ұлудың жасын қалай ажыратады?

- A. Раковина жиегінің қалыңдығынан.
- B. Бұлшықет жиырылуынан.
- C. Раковина түсінен.
- D. Раковина формасынан

33-тапсырма.

Жүгіріп келе жатқан адам сүрініп кетсе, өзінің қозғалыс бағытында, ал аяғы тайғанап кетсе, өзінің қозғалыс бағытына қарама-қарсы бағытта құлайтынын қалай түсіндіруге болады?

A. Жүгіріп келе жатқан адам сүрініп кеткенде, етпетінен құлайды, өйткені мұнда адамның аяқтары қоғалысын кенет тежейді де, денесі оның алдындағы қозғалыстағы күйін сақтайды.

B. Жүгіріп келе жатқан адам сүрініп кеткенде, шалқасынан құлайды, өйткені мұнда адамның аяқтары қоғалысын кенет тежейді де, денесі оның алдындағы қозғалыстағы күйін сақтайды.

C. Жүгіріп келе жатқан адам сүрініп кеткенде, жанына құлайды, өйткені мұнда адамның аяқтары қоғалысын кенет тежейді де, денесі оның алдындағы қозғалыстағы күйін сақтайды.

34-тапсырма.

Арқан тартқан кезде шамалары бойынша бірдей, бірақ бағыттары бойынша қарама-қарсы күштер пайда болады. Неліктен онда арқанды көбінесе бір жағына тартып алуға болады?


A. Арқан тартқан кезде адамның Жермен өзара әрекеттесу күшін (табанның Жер бетімен үйкеліс күшін) ескеру керек. Сондықтан жерді күштірек қысып басатын, ал бұдан үйкеліс күшін арттыратын адам арқанды өзіне тартып алады.

B. Арқан тартқан кезде адамның салмағын ескеру керек. Сондықтан жерді көп салмағымен қысып басатын жақ арқанды өзіне тартып алады.

C. Арқан тартқан кезде адам санын ескеру керек. Адам саны көп болса сол жақтың күші басым болғандықтан арқанды өзіне тартып алады.


35-тапсырма.

Түзусызықты қозғалып келе жатқан дене жылдамдығының модулі уақыт бойынша 15-суреттегі график түрінде берілген заң бойынша өзгереді.



15-сурет – Дене жылдамдығының модулі

16-суретте көрсетілген графиктердің қайсысы денеге әрекет ететін барлық күштердің теңәрекетті күші модулінің уақытқа тәуелділігін сипаттайды?



16-сурет – Күштердің теңәрекетті күші модулі

1.3 Математикалық сауаттылығы

1-есеп. Арифметикалық амалдар.

$(89,989+27,719)$: 120 өрнегінің мәнін есептеңіздер.

A. 0,0989.

B. 0,00989.

C. 0,9809.

D. 9,809.

2-есеп. $1\frac{1}{3} - 0,3$ өрнегі берілген.

1-сұрақ: Өрнегінің мәні неге тең?

Жауабы: .

2-сұрақ: Берілген өрнектің мәнін 120 есе арттырса, қандай сан шығады?

Жауабы: .

3-сұрақ: Берілген өрнектің мәнінің 50%-ын қаншаға тең?

3-есеп. Есептеу.

$|-4,5|: |-0,05| + \left| -7\frac{1}{7} \right| \cdot |3,5|$ өрнегінің мәнін есептеңіздер.

A. 115.

B. 65.

C. -115.

D. -65.

4-есеп. Есептеу

$\sqrt{7+3\sqrt{2}} + \sqrt{3-2\sqrt{2}} - \sqrt{2}$ өрнегін ықшамдаңыздар.

A. -2.

B. $2\sqrt{2}$.

C. 2.

D. $-2\sqrt{2}$.

5-есеп. Пайыз.

20 саны 2000 санының қанша пайызын құрайды?

A. 1%.

B. 2%.

C. 4%.

D. 5%.

6-есеп. Пайыз.

Егер 49 саны берілген санның 7% құрайтын болса, онда берілген сан нешеге тең?

A. 490.

B. 700.

C. 70.
D. 4900.

7-есеп. Кітаптар саны.

Екі сөреде барлығы 94 кітап бар. Бірінші сөреден екінші сөреге 5 кітапты ауыстырып қойғанда, екі сөредегі кітаптар саны бірдей болады.

Сұрақ. Бастапқыда әр сөреде қанша кітаптан болған?

Жауабы: _____.

8-есеп. Бұрыштың биссектрисасы.

Бұрыш салындар. Бұрыштың биссектрисасын жүргізіңіздер.

1-сұрақ. Биссектриса және бұрыштың қабырғасы арасындағы бұрыш берілген бұрышқа тең болуы мүмкін бе?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Биссектриса және бұрыштың қабырғасы арасындағы бұрыш берілген бұрыштан артық болуы мүмкін бе?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Биссектриса және бұрыштың қабырғасы арасындағы бұрыш берілген бұрыштан 4 есе артық болуы мүмкін бе?

Жауабы: _____.

4-сұрақ. Биссектриса және бұрыштың қабырғасы арасындағы бұрыш берілген бұрыштан 3 есе кем болуы мүмкін бе?

Жауабы: _____.

9-есеп. Үшбұрыштың бұрыштары.

ABC үшбұрышының B төбесіндегі бұрыш 48° -қа тең, ал C бұрышымен сыбайлас бұрыш – 102° .

1-сұрақ. ACB бұрышының шамасы қанша?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. BAC бұрышының шамасы қанша?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Үшбұрыштың A төбесіне қатысты сыртқы бұрышының градустық өлшемі қанша?

Жауабы: _____.

4-сұрақ. Үшбұрыштың B төбесіне қатысты сыртқы бұрышының градустық өлшемі қанша?

Жауабы: _____.

10-есеп. Теңбүйірлі үшбұрыш.

Теңбүйірлі үшбұрыштың табанындағы сыртқы бұрыштарының қосындысының мәні 318° .

1-сұрақ. Үшбұрыштың төбесіндегі ішкі бұрышы доғал бұрыш болуы мүмкін бе?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Берілген үшбұрыштың бұрыштарының шамалары неге тең?

Жауабы: _____ .

11-есеп. Үшбұрыштың бұрыштары

ABC үшбұрышының C төбесіндегі бұрыш 57° -қа тең, ал A бұрышымен сыбайлас бұрыш – 163° .

1-сұрақ. BAC бұрышының шамасы қанша?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. ABC бұрышының шамасы қанша?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Үшбұрыштың B төбесіне қатысты сыртқы бұрышының градусық өлшемі қанша?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Үшбұрыштың C төбесіне қатысты сыртқы бұрышының градусық өлшемі қанша?

Жауабы: _____ .

12-есеп. Фигураның ауданы

17-суретте фигура берілген.



17-сурет

1-сұрақ. Егер кіші дөңгелектің радиусы 2 см, үлкен дөңгелектің ауданы кішісінен 5π -ге артық, ал тіктөртбұрыштың ұзындығы 40см және ені ұзындығынан 8 см-ге кем болса, онда боялған фигураның ауданы қанша?


Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Егер кіші дөңгелектің ауданы π см², үлкен дөңгелектің радиусы кішісінің радиусынан 3-ке артық, ал тіктөртбұрыштың ені 55см және ұзындығы енінен 5 см-ге артық болса, онда боялған фигураның ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

13-есеп. Фигураның ауданы

18-суретте фигура берілген.



18-сурет

1-сұрақ. Егер дөңгелектің радиусы 2,5 см, ал тіктөртбұрыштың ұзындығы дөңгелектің радиусынан 0,5см және ені ұзындығынан 0,7 см-ге кем болса, онда боялған фигураның ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Егер тіктөртбұрыштың ені 1,4см, ұзындығы енінен 3,8 см-ге артық, ал дөңгелектің радиусы тіктөртбұрыштың ұзындығынан 0,8 есе артық болса, онда боялған фигураның ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

14-есеп. Жер телімінің ауданы.

Периметрі 48 м-ге тең шаршы пішінді жер телімі тіктөртбұрыш пішінді сегіз бірдей бөлікке бөлінген.

1-сұрақ. Шаршы пішінді жер телімінің өлшемдері қандай?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Берілген жер телімінің ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Тіктөртбұрыш пішінді жер телімінің өлшемдері қандай?

Жауабы: _____ .

4-сұрақ. Тіктөртбұрыш пішінді жер телімінің ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

5-сұрақ. Тіктөртбұрыш пішінді жер телімінің ауданы берілген жер телімінің ауданына қарағанда қанша кем?

Жауабы: _____ .

15-есеп. Фигураның ауданы

19-суретте жарты дөңгелектен, шаршыдан және тең бүйірлі тікбұрышты үшбұрыштан тұратын фигура берілген.



19-сурет

1-сұрақ. Егер дөңгелектің радиусы 7,5 см болса, онда берілген фигураның ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Егер шаршының диагоналі $2\sqrt{2}$ см болса, онда берілген фигураның ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Егер тең бүйірлі тікбұрышты үшбұрыштың ауданы $20,25 \text{ см}^2$ болса, онда берілген фигураның ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

16-есеп. Жер телімінің ауданы.

Периметрі 20 м және ұзындығы енінен 1,5 есе артық тіктөртбұрыш пішінді жер телімін бірдей жер телімдеріне бөлу қажет.

1-сұрақ. Берілген жер телімінің өлшемдері қандай?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Егер шыққан жер телімі шаршы пішінді болса, оның өлшемдері қандай болуы мүмкін?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Егер шыққан жер телімі тіктөртбұрыш пішінді болса, оның өлшемдері қандай болуы мүмкін?


Жауабы: _____ .

4-сұрақ. Берілген жер телімін бірдей жер телімдеріне бөлудің ең кіші және ең үлкен саны қандай?

Жауабы: _____ .

17-есеп. Фигураның ауданы.

Қабырғалары 25 см болатын шаршыға, бір төбесі осы тіктөртбұрыштың төбесімен сәйкес келетін, ал үш төбесі оның үш қабырғасының ортасы болып табылатын төртбұрыш іштей сызылған (20-сурет).



20-сурет

1-сұрақ. Боялған фигураның ауданы неге тең?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Боялған фигураның өлшемдері қандай?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Боялған фигураның периметрі неге тең?

Жауабы: _____ .

4-сұрақ. Боялған фигураның ауданы берілген тіктөртбұрыштың ауданынан қанша пайыз кем?

Жауабы: _____ .

18-есеп. Фигураның биіктігі.

Биіктігі 30 см конус пішінді мыс тетік цилиндр етіп қайта балқытып құйылды, оның табанының радиусы осы конус пішінді тетіктің шеңбері радиусына тең.

Сұрақ. Цилиндр қандай биіктікте болады?

Жауабы: _____ .

19-есеп. Қозғалыс.

Екі пойыз 60 км/сағ және 65 км/сағ жылдамдықпен бір-біріне қарсы жүріп келеді. Үш сағаттан кейін олардың арасы 250 км болды. .

1-сұрақ. 3 сағ-та әр пойыз қанша километр жүріп өтті?

Жауабы: _____ .


2-сұрақ. Пойыздар қанша сағаттан кейін кездеседі?

Жауабы: _____ .

20-есеп. Шаршы.

Қабырғасы 8 см болатын шаршы пішінді қағазды 21-суретте көрсетілгендей сызықтар бойымен бүгіп үшбұрышты пирамида жасалды.


Сұрақ. Шыққан дененің көлемін неге тең?



21-сурет

21-есеп. Көпбұрыштар.

Геометриялық фигуралардан кескінделген мозаика берілген (22-сурет). Суретті қолданып, келесі сұрақтарға жауап беріңдер.



22-сурет

1-сұрақ. Суретте қанша тіктөртбұрыш кескінделген?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Суретте ауданы ең кіші болатын қанша тікбұрыш үшбұрыш кескінделген?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Суретте қанша тең бүйірлі үшбұрыш кескінделген?

Жауабы: _____ .

4-сұрақ. Суретте қанша ромб кескінделген?

Жауабы: _____ .

22-есеп. Қозғалыс.

Бірінші пойыздың жылдамдығы 70км/сағ, ал екінші пойыздың жылдамдығы біріншінің жылдамдығынан 5км/сағ-қа кем.

1-сұрақ. 5 сағ-та әр пойыз қанша километр жол жүреді?


Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Егер ұзындығы 270 км жолда пойыздар бір-біріне қарама-қарсы бағытта бір мезетте қозғалатын болса, онда қанша сағаттан кейін кездеседі?

Жауабы: _____ .

23-есеп. Бұрыштар.


Егер $\angle POK = 23^\circ$ бұрыш болса, онда $\angle ABC$ бұрышы неге тең (23-сурет)?



23-сурет

24-есеп. Бұрыштар.


Егер $\angle KBP$ үшбұрышы тең қабырғалы үшбұрыш болса, онда $\angle ABC$ бұрышы неге тең (24-сурет)?



24-сурет

25-есеп. Бұрыштар.


Егер $\angle BO$ сәулесі $\angle CBP$ бұрышының биссектрисасы, $\angle BP$ сәулесі $\angle CBK$ бұрышының биссектрисасы, бұрыш $\angle ABC = 22^\circ$ және $\angle ABK$ бұрышы тік болса, онда $\angle BO$ бұрышы неге тең (25-сурет)?



25-сурет

26-есеп. Функция және оның графигі.

26-суретте $f(x) = ax^2 + bx + c$ функциясының графигі берілген.



26-сурет

Функция графигін қолданып, келесі сұрақтарға жауап беріңіздер.


1-сұрақ. Парабола төбесінің координаталарын жазыңыздар.

2-сұрақ. Функция графигінің симметрия осінің теңдеуін жазыңыздар.

3-сұрақ. Функцияның минимум нүктесін табыңыздар.

27-есеп. Функция және оның графигі.

27-суретте $f(x) = ax^2 + bx + c$ функциясының графигі берілген.



27-сурет

Функция графигін қолданып, келесі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1-сұрақ. Парабола төбесінің координаталарын жазыңыздар.

2-сұрақ. Функция графигінің симметрия осінің теңдеуін жазыңыздар.

3-сұрақ. Функцияның максимум нүктесін табыңыздар.

2 PISA халықаралық зерттеулеріне дайындайтын есептер жинағы

2.1. Тапсырмаларды орындауға нұсқау

Оқушылардың білім алу жетістіктерін бағалау бойынша (Programme for International Student Assessment, PISA) Халықаралық бағдарламасы – әлемдегі әр түрлі елдердің оқушыларының сауаттылығын және білімдерін тәжірибеде қолдана білулерін бағалайтын тест. Бұл есептер жинағы PISA халықаралық зерттеуі материалдары негізінде құрастырылған. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу үш негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі: «оқу сауаттылығы», «математикалық сауаттылық» және «ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы». Оқушылардың жалпы оқу және зияткерлік біліктерін меңгерулерін бағалауға ерекше көңіл аударылады, өйткені PISA есептері:

- қойылған сұраққа жан-жақты жауап беру, жауапты еркін формада беру біліктерін;
- мәтіннің бір түрінен екінші түріне ауысу біліктерін;
- қосымша ақпарат жинау біліктерін;
- ғылыми-тәжірибелік білімдерін күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды шешу үшін қолдана білу біліктерін қалыптастыруға жағдай жасайды.

PISA халықаралық зерттеуіндегі барлық сұрақтар мен тапсырмалар жалпы үш топқа бөлінеді:


- «Қалай білуге болады?» – бұл тапсырмалар тану әдістерін қолдануға арналған.
- «Түсіндіріп көр» – құбылыстар мен фактілерді түсіндіруге арналған.
- Пайымдау – берілген деректердің көмегімен қорытынды құрастыруға арналған тапсырмалар.

PISA тапсырмаларының әр тобы тұлғалық, әлеуметтік немесе жаһандық контексте қарастырылады, сонымен бірге оқушылардың ғылыми-жаратылыстану, математикалық және оқу сауаттылығы деңгейіне түрлі талдау жасауды қарастырады.

Білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын анықтауға арналған тапсырмалар әр түрлі құрылымда болуы мүмкін.

Тапсырма. Қазіргі кезде жылқылардың денесі сүйір пішінде болып келеді және олар тез шаба алады (28-сурет).

Жылқылардың қалай дамығаны туралы қандай зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады?



28-сурет

Оқушылар өздерінің ойын бір-екі сөйлеммен жаза алады.

Тапсырмаларды орындауда келесі ұсыныстарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) Ұсынылған тапсырмаларды бар ықыласыңызбен оқыңыз және негізгі ақпаратты тауып алыңыз.

2) Есептердің суреттері, сызбалары, графиктеріне және физикалық үдерісті түсінуді жеңілдететін кестелерге көңіл аударыңыз.

3) Қандай ықшамдалған сөйлемдер, есептің шығарылуын жеңілдететінін ойлап алыңыз.

4) Схемалық сызба немесе сурет салуға тырысыңыз, ол әрқашан ойлануды жеңілдетеді. Дұрыс құрастырылған схема – есепті шығарудағы жетістіктің жартысы екені есіңізде болсын.

5) Көпшілік жағдайда есептің барлық шамаларын тиісті әріптермен белгілеп және оларға қажетті есептеулер жасап, жалпы түрде шығарған пайдалы. Егер есептің шартында шамалардың бөліктері жоқ болса абыржымаңыз, олар бәрінен де дұрысы қысқартылады.

6) Жалпы түрде шығарып алып, біркелкілігін талдап немесе бұрын шығарылған ұқсас есеппен салыстырып, оның дұрыстығына көз жеткізуге тырысыңыз.

7) Егер есепте шамалардың сандық мәндері берілсе, онда жауабы санға дейін жеткізілген болуы керек.

8) Барлық мәліметтерді бір өлшем бірлігінде өрнектеу керек.

9) Егер сізге есепті бірден шығару мүмкін болмаса, бүге-шегесіне дейін көңіл аударып, тиісті теориялық материалды тағы да зерттеп көріңіз.

2.2 Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы

1-тапсырма. Жануарлар.

Жануарлар (латынша *animalia*) – тірі организмдер дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер), жүруге және сезінуге бейім, органикалық дайын қосылыстармен қоректенетін тіршілік иесі. Жануарлар құрылысына қарай бір жасушалы және көп жасушалы болып екі топқа бөлінеді. Олардың дамуы қоршаған ортаның эволюциялық дамуына сәйкес қалыптасқан. Эволюциялық өзгерістер жануарлардың сыртқы ортаның өзгерісіне бейімделуіне байланысты болады.

1-сұрақ. Неліктен құрлық жануарларының арғы тегі су жануарлары болып саналады?

2-сұрақ. Балықтар су жануарлары, неліктен олар құрлықта тіршілік етпейді?

3-сұрақ. Неліктен жануарларды үй жануарлары және жабайы (дала) аңдары деп екі топқа бөледі?

2-тапсырма. Жануарлар.

Жануарларда ас қорыту, қан айналу, жүйке жүйесі, сезім және жыныс органдары, тыныс алу, зәр шығару жүйесі жақсы жетілген. Дүние жүзінде жануарлардың 1,6 миллиондай түрі және 17 типі бар.

Жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы өте зор, олардың көпшілігі пайдалы болып табылады.

1-сұрақ. Жануарлардың адам өміріндегі маңызы қандай?

A. Азық-түлік, әр түрлі өнеркәсіп шикізатын береді.

B. Жануарлардың адам өміріне келтіретін ешқандай пайдасы жоқ.

C. Ауыл шаруашылық дақылдарын тозаңдатады.

D. Басқа жануарларға азық қоры.

3-тапсырма. Жер сілкіну.

Деректі фильмде жер сілкіну және олардың қалай болатыны туралы айтылған. Сонымен қатар фильмде жел сілкінуді алдын ала болжауға болатындығы туралы пікірталас жүргізілді. Геология саласының маманы: «Алдағы 20 жылды X қаласында жер сілкіну болу ықтималдығы үш жағдайдың екеуін құрайды» деген пікір айтты.

1-сұрақ. Келесі пайымдаулардың қайсысы геологтың пікірін дұрыс сипаттайды?

A. Үстіміздегі жылды есептегенде 12 жыл өткеннен кейін немесе 13-ші жылы X қаласында жел сілкіну болады.

B. 23 саны 12 санына қарағанда үлкен, сондықтан алдағы 20 жыл ішінде X қаласында жер сілкіну болатынына сенімді болуға болады.

C. Жер сілкіну болмауы ықтималдығына қарағанда, алдағы 20 жыл ішінде X қаласында жер сілкіну болу ықтималдығы басымырақ.

D. Жер сілкінудің қашан болатынын ешкім білмегендіктен, оның болатынын айту мүмкін емес.


2-сұрақ. Жер сілкінуді болжауға бола ма? Ия/жоқ.

3-сұрақ. Жауабыңыз «ия» болған жағдайда мысалдар келтіріңіз және өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

4-сұрақ. Жауабыңыз «жоқ» болған жағдайда өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

4-тапсырма. Вокансонның үйрегі және Гёте

Ағылшын мәтелі: «Егер бір нәрсе үйрекке ұқсаса, үйрек сияқты барылдаса және үйрек тәрізді жүзсе, онда ол – үйрек» - дейді.



29-сурет – И.В. Гёте және робот-үйрек

Оң жақтағы суретте француз механигі және өнертапқышы Жак де Вокансонның 1739 жылы құрастырған механикалық робот-үйрегі бейнеленген. Бұл үйрек барылдайтын, қарапайым құстың жүрісіне ұқсастырып жүретін және ең қызығы балық жейтін және дәретке отыратын болған. Өз көзімен көрген адамдар роботтың шындығында тағамды қорытпайтынын байқаған. Бәлкім, механикалық үйректің артқы жағынан дәрет салып қойып отырған шығар, ал аузы арқылы түскен тағам оның ішінде қала берген (29-сурет).

1805 жылы ең қызық оқиға болған, себебі үйректі көруге неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гёте (сол жақтағы сурет) келген. Кездесу оншалықты табысты болмады, ақынның айтуынша: «үйрек қаңқа тәрізді болып көренеді және оның ас қорытуында күрделі проблема бар».

Сіздердің ойларыңызша, Вокансонның өнертабысын үйрек деп санауға бола ма? Өз ойларыңызды логика және биология тұрғысынан дәлелдеңіздер.

5-тапсырма.

Қайрат кітаптағы суреттерді қарап отырды. Бұл суреттерде Ресейдің орталық-еуропалық бөлігінде кездесетін барпылдауық үйректердің (ата үйрек (кежек) және ана үйрек) суреттері бейнеленген. Ол «ғажап, мен барпылдауық үйректерді күзде, қыста және көктемде жиі көретінмін, ал жаздың аяғында кездестірген емеспін. Неліктен?» деп ойлады. Алайда бала тез арада (кисынды және мүмкін болып көрінетін) бірнеше ықтимал болатын түсіндірмелер ойлап тапты.

Ол қандай түсініктемелер ойлап табуы мүмкін екенін болжап көріңіздер. Сіздің ойыңызша олардың қайсысы дұрыс?

6-тапсырма. Қасқырлар.

Сіздердің алдарыңызда суретші А.Н. Комаровтың «Қасқырлардың үйлену тойы» атты суреті (1936 ж.) бейнеленген (30-сурет).

Бұл суреттен қасқырлардың арасындағы қарым-қатынастың қандай ерекшеліктерін байқауға болады? Өз ойларыңызды жазыңыздар.



30-сурет – Қасқырлар

7-тапсырма. Птеродактиль

«Жоғалған әлем» фантастикалық фильмінің кейіпкері профессор Челленджер Жоғалған әлемнен птеродактильдің (31-сурет) екі жынысының бірнешеуін алып шықты.



31-сурет – Птеродактиль

1-сұрақ. Оған негізгі мекенінен тысқары жерде птеродактильдердің популяциясын сақтап қалу үшін қорықты қалай ұйымдастыру қажет?

2-сұрақ. Ол қандай проблемаларға тап болуы мүмкін?

8-тапсырма. Птеродактильдер

Птеродактиль – бұл плацентарлық сүтқоректілер отрядына жататын ұшатын динозавр. Птеродактильдер үшін бас сүйегі тым ұзын әрі жеңіл болуы тән. Сонымен қатар олардың мойын омыртқасы созылыңқы және мойын қабырғаларынсыз болған.

Қанаттары жалпақ әрі мықты, ал ұшуға қажет саусақтары ашылмалы-жиылмалы болған. Ірі түрлерінің қанаттарының құлашы 8 метрден 12 метрге дейін жеткен.

Егер қазіргі кезде птеродактильдер болған болса және оларды қолға үйретсе... Оларды қандай мақсатқа қолдануға болады?

Өз жобаларыңызды ұсыныңыздар.

9-тапсырма. Жанартау.

Жанартау (лат. vulcanus – от, жалын деген мағынаны білдіреді) – Жер қабатының тереңдегі жарылымдары мен жарықтарынан оның бетіне шығатын балқыған тау жыныстары мен ыстық газдардың геологиялық құрамалары (32-сурет).

Жанартау атқылаған кезде оның терең магмалық ошақтарынан жер бетіне ыстық қоймалжың лава, газ және бу атқылайды.



32-сурет – Жанартау

1-сұрақ. Жанартаудың атқылауынан болатын зардаптарды атаңыздар.

2-сұрақ. Жанартаудың әрекетін шаруашылықта пайдалану жолдарын ұсыныңыздар.

10-тапсырма. Лимон шырыны

Лимон – ірі, салмағы 200-400 г., сопақша, сары түсті қалың қабықпен қапталған жеміс. Шырынының дәмі қышқыл.

Көптеген адамдар лимон шырынын тұрмыста кездесетін жағымсыз иістерді немесе лас болып көрінетін заттарды тазалауға қолданады. Лимонның құрамында адам денсаулығына пайдалы С дәрумені бар, темірге бай, эфир майы, кальций, калий т.б. болады.

1-сұрақ. Тұрмыста лимон қышқылын қолдану жолдарын ұсыныңыздар.


2-сұрақ. Аталған қасиеттерін ескере отырып, лимонды адамның денсаулығын жақсарту мақсатында қалай пайдалануға болады?

3-сұрақ. Өз ұсыныстарыңызды жазыңыздар.

11-тапсырма. Электромагниттік толқындар.

Егер 1990 ж. Қазақстанда республикалық екі телеарна және 4 радиохабар бағдарламасы болса, қазіргі кезде 50-ден 900 МГц-ке дейінгі аса жоғары радиожілік аймағын қамтитын телеарналар саны үздіксіз көбейіп келеді. Байланыс құралдарына қойылып отырған заманауи талаптар олардың одан әрі жетілуін талап етеді, ақпаратты, бейнені, дыбысты жеткізудің сандық жүйесі енгізілуде, олар аналогтық теледидарды толығымен алмастыратын болады.

«KazSat-1», «KazSat-2», «KazSat-3» қазақстандық серіктер республикадағы серіктік байланысты, сандық теледидар және радиохабар байланыстарын қамтамасыз етуде (33-сурет).



33-сурет – Серіктік байланыс

Техниканың дами түсу арқасында байланыс құралдарының аппаратуралары да жетілдірілуде.

Мысалы, қарапайым телефондық байланыстың орнын функциялық мүмкіндіктері аса жоғары сандық телекоммуникациялық жүйелер алмастыруда.

Байланыс құралдарының дамуындағы басты өзгеріске көпшіліктің қолы жетімді Интернет деп аталатын әлемдік электрондық жүйенің пайда болуын жатқызуға болады.

Сұрақ. Байланыс құралдарының дамуы адамдардың қызметі мен күнделікті тіршілігіне қандай қолайлы жағдайлар туғызады?

12-тапсырма. Электромагниттік толқындар.

Адамзат дүниесі гравитациялық өріс, радиоактивті сәулелер және электромагниттік сәулелер мұхитында өмір сүріп келеді. Әлемдік өркениеттің дамуы әр түрлі электр құралдарын, электрондық жабдықтарды кеңінен дүниеге әкелуде. Жоғары және аса жоғары кернеудегі электр жеткізу ауа желілері, радиохабар, теледидар, радиорелелік және серіктік байланыстар, радиолокациялық және навигациялық жүйелер, лазерлік маяктар, Wi-Fi, тұрмыстық микротолқындық пештер, мониторлар және т.б. жасанды электромагниттік өріс көздері табиғи электромагниттік фонға елеулі ықпал етуде. Бұл адамдардың қызметі мен күнделікті тіршілігіне қолайлы жағдайлар туғызады, алайда олардың денсаулығына байқатпай зиян келтірмек.

Сұрақ. Ауа желілері арқылы электрді тасымалдағанда электромагниттік өрістер адамдар мен басқа тіршілік иелеріне қалай әсер етеді?

13-тапсырма. Электромагниттік толқындар. Жоғары және аса жоғары кернеудегі электр жеткізу ауа желілері, радио- және телеорталықтар, радиолокациялық қондырғылар өтетін ауқымды аумақта электромагниттік өріс кернеулігі екіден бес есеге дейін артты, ал бұл адамдар мен басқа тіршілік иелері үшін нақты қауіп төндіреді. Электр өрісі кернеулігінің адамдар үшін санитарлық шекті нормасы 1 кВ/м-ге тең. Жоғары кернеулі электр жеткізу жүйелерінде бұл шекті деңгей ондаған, тіпті жүздеген метр аралығына дейін ауытқиды. Арнайы жүргізілген зерттеулер алты күн бойы электр желісінің астында күніне 3 рет 15 мин-тан тұрғанның өзінде невралгиялық сипаттағы

өзгерістерді, мидың жұмыс істеу қабілеттіліктерінің төмендеуін тудыратынын көрсетті.

Жоғары кернеулі электр желісі бар аумақтардағы электр өрісінің кернеулігі 1 метрге шаққанда бірнеше мың вольтқа жетуі мүмкін. Радио мен теледидардағы жоғары жиіліктегі (3 кГц-тен 300 ГГц-ке дейінгі) электромагниттік толқындардың адам ағзасына ықпалы оның тербеліс жиілігіне байланысты. Жиілік жоғары болғанда, яғни толқын ұзындығы қысқарақ болса, зиянды ықпалы күшейе түседі.

Жоғары жиілікті ультрадыбыстар, интенсивтілігі жоғары лазерлік сәулелер адам миына көп әсер етеді. Бейбіт мақсаттарға пайдаланбаған жағдайларда мұндай психотропты қарулардың әсерінен мидың қызметі өзгереді, ойлау, есте сақтау, өзін өзі ұстай алу қабілеттілігі төмендейді. Осындай әсердің нәтижесінде адам ерік-жігерін жоғалтады.

Сұрақ. Өз денсаулығына зиян келтірмеу үшін әрбір адам нені білуі тиіс?

14-тапсырма. Электромагниттік толқындар. Электромагниттік өрістің адам денсаулығына әсері – ғылымның зерттеуге жататын міндеті. Технология мен электрондық құралдардың қарқынды даму жағдайындағы заманауи әлемде электромагниттік өрістің ықпалынан құтылу мүмкін емес. Адамдардың денсаулығына келтірілетін зиян мөлшерін шектеу үшін көптеген халықаралық стандарттар мен талаптар дайындалған және тұрмыстық техниканың барлығы дерлік осы талаптарды қанағаттандырады. Алайда шығарылатын сәуле тұрғысынан олар әлі де қауіп көзі болып табылады, сондықтан әр түрді бейнедисплейлік терминалдармен жұмыс жасау кезінде қарапайым ережелерді ескерген абзал.

Сұрақ. Электромагниттік өріс адамға қалай әсер етеді?

15-тапсырма. Табиғат және қоғам

Қарапайымнан күрделіге қарай дейінгі принципті қолданып, деңгейлерді негізгі үш сфераға бөліңіздер (8-кесте):

8-кесте – Қарапайымнан күрделіге қарай

| <i>Бейорганикалық табиғат</i> | <i>Тірі табиғат</i> | <i>Қоғам</i> |
|-------------------------------|-------------------------------|----------------------------|
| Атомды | Жасушалы | Жанұя |
| Микроэлементарлық | Биологиялық макромолекулярлық | Индивид |
| Ядролық | Микроорганикалық | Ұжымдар |
| Субмикроэлементарлық | Популяциялық | Тұтастай адамзат |
| Макродеңгей | Биосфералық | Мемлекет (азаматтық қоғам) |
| Молекулярлық | Тұтастай ағза | Мемлекет жүйесі |
| Метадеңгей | Биоценоз | Үлкен әлеуметтік топтар |

| | | |
|--|---------------------|--------------------|
| (метагалактикалар) | | (класстар, ұлттар) |
| Мегаденгей (ғаламшарлар, жұлдыздығаламшар жүйесі, галактикалар) | Мүшелер мен ұлпалар | Ноосфера |

17-тапсырма. Ультрадыбыс

Көпшілік елдерде іштегі ұрықтың (дамып келе жатқан баланың) суреттемесін ультрадыбыс (эхография) арқылы алуға болады. Ультрадыбыс ана мен балаға қауіпсіз деп есептеледі. Дәрігер хабар бергіш тетікті ананың ішінің үстінен жүргізіп отырады. Ультрадыбыс толқындары ішкі қабатқа өтеді. Ішкі құрылыстан толқындар ұрықтың сыртына келеді. Жеткен толқындар кейін қарай тетікке беріледі, тетік арқылы қондырғыға жетеді де, ұрықтың суреті шығады (34-сурет).



34-сурет – Ультрадыбыс

Сұрақ. Ұрықтың суреті сонымен қатар рентген сәулелерінің көмегімен алуға болады. Алайда әйелдерге жүкті кезінде рентген сәулелерімен ішкі құрылысты зерттеуге кеңес берілмейді. Қандай себептен әйелдерге жүкті кезінде рентген сәулелерімен ішкі құрылысты зерттеуге кеңес берілмейді?

Сұрақ: Болашақ анаға ультрадыбыс зерттеуі келесі сұрақтарға жауап бере ала ма? «Иә» немесе «Жоқ» (9-кесте).

9-кесте

| | Иә / Жоқ |
|--------------------------------|----------|
| Бір бала ма немесе бірнеше ме? | |
| Баланың көзінің түсі қандай? | |
| Бала көлем жағынан дұрыс па? | |

2.3 Математикалық сауаттылығы

1-есеп. Жанармай.

2016 жылы 1 литр бензин 125 тг тұрады. Ал 2007 жылы ол 23,2%-ға қымбат болған.

1-сұрақ: Бензиннің 2007 жылғы бағасы қандай?

Жауабы: _____

2-сұрақ: Бензиннің бағасы 2007 жылмен салыстырғанда 2016 жылы қанша теңгеге қымбат?

Жауабы: _____

2-есеп. Киім тігу.

Тігін шеберханасында көйлек тігуге 600 м матаның 420 м мата кеткен және одан 84 көйлек тігілген.

1-сұрақ: Барлық матаның қанша пайызы көйлек тігуге жұмсалды?

Жауабы: _____

2-сұрақ: Үш көйлек тігуге қанша метр мата жұмсалған?

Жауабы: _____

3-сұрақ: 600 м матадан осындай қанша көйлек тігуге болады?

Жауабы: _____

3-есеп. Қозғалыс.

Астана және Павлодар қалаларының арақашықтығы шамамен 450 км. Осы арақашықтықты картада бейнелеу қажет.

1-сұрақ. Астана және Павлодар қалаларының арақашықтығы картада 8 см болу үшін картаны қандай масштабта алу қажет?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Егер картаның масштабы 1: 1000 болса, онда 450 км қанша сантиметрге тең болады?

Жауабы: _____.

4-есеп. Қозғалыс.

Масштабы 1:190 картада Алматы қаласы мен Қостанай қаласының арақашықтығы 10 см-ге тең.

1-сұрақ. Алматы мен Қостанай қалаларының арақашықтығы қанша километрді құрайды?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Егер 100 км-ге 8 л бензин қажет болса, онда осы қалалардың аралығына қандай мөлшерде бензин жұмсалады?

Жауабы: _____.

5-есеп. Билет бағасы.

Астана стансасынан Бурабай курорты стансасына дейін ересектер билетінің бағасы 1300 тг, ал балалар билетінің бағасы 600 тг тұрады.

1-сұрақ: Астана стансасынан Бурабай курорты стансасына дейін бір ересек және бір балалар билетінің бағасы қандай?

Жауабы: _____.

2-сұрақ: Астана стансасынан Бурабай курорты стансасына дейін баруға және кері қайтуға үш ересек және бес балалар билетін алу үшін 13000 тг жеткілікті ме?

Жауабы: _____.

3-сұрақ: Астана стансасынан Бурабай курорты стансасына дейін баруға және кері қайтуға екі ересек және төрт балалар билетін алу үшін қанша теңге қажет?

Жауабы: _____.

6-есеп. Билет бағасы.

Үш ересек және төрт баладан тұратын отбасы Астана қаласынан Алматы қаласына баруға жиналды. Барлығына баруға және кері қайтуға билеттер сатып алу қажет.

10-кестеде Астана – Алматы қатынасындағы пойыздардың плацкарт вагонының билет бағасы көрсетілген.

10-кесте – Плацкарт вагонға билеттің бағасы

| № | Жол бағыты | Жолдағы уақыт | Билеттің бағасы | |
|-----|----------------------|---------------|-----------------|---------|
| | | | Ересектер | Балалар |
| 002 | Астана – Алматы 2 | 12 сағ 38 мин | 13471 тг | 6736 тг |
| 004 | Астана – Алматы 2 | 19 сағ 09 мин | 3776 тг | 1888 тг |
| 016 | Петропавл – Алматы 2 | 22 сағ 39 мин | 3376 тг | 1688 тг |
| 010 | Астана – Алматы 1 | 18 сағ 58 мин | 3776 тг | 1888 тг |
| 043 | Костанай – Алматы 1 | 20 сағ 15 мин | 4986 тг | 2493 тг |

1-сұрақ. Пойыздардың жолына кететін уақыттарын және билеттерінің бағаларын салыстырыңыздар. Қорытынды жасаңдар.

Жауабы: ____ .

2-сұрақ. Дұрысы қай пойызға билет сатып алу керек? Жауабын түсіндіріңіздер.

Жауабы: ____ .

3-сұрақ. Пойызбен баруға және кері қайтуға жұмсалатын ақшаның ең аз сомасы қандай?

Жауабы: ____ .

4-сұрақ. Баруға және кері қайтуға жұмсалатын ақшаның ең арзан және ең қымбат бағаның арасындағы айырмашылығы қандай?

Жауабы: ____ .

7-есеп. Астана қаласы тұрғындарының саны.

Қазақстанның астанасы Астана қаласы бүгінгі күнде тез өркендеуде. Халқының саны да жылдан жылға өсуде.

11-кестеде Астана қаласының 1989 ж., 2000 ж., 2005 ж., 2010 ж., 2014 ж., 2015 ж. тұрғындарының саны берілген.

11-кесте – Астана қаласы тұрғындарының саны

| Жыл | 1989 ж | 2000 ж | 2005 ж | 2010 ж | 2014 ж | 2015 ж |
|----------------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|
| Тұрғындар саны | 281252 | 381000 | 529335 | 649139 | 814401 | 852985 |

1-сұрақ. 1989 жылмен салыстырғанда 2015 жылы тұрғындардың саны қанша пайызға артты?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Пайызбен есептегендегі тұрғындардың орташа өсуі қандай?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Астана халқы өсуінің осындай пайызы сақталатын болса, онда Астана тұрғындары неше жылдан кейін миллионнан асады?

Жауабы: _____.

8-есеп. Көлдер.

Әлемдегі аса ірі көлдер қатарында бірінші орында Каспий теңізі, оның бетінің ауданы 371 мың км² құрайды, жетінші орында Байкал көлі, оның ауданы Каспий теңізінің ауданынан 339278 км²-ге кем, ал Қазақстанның шығыс бөлігінде орналасқан Балқаш көлінің ауданы Каспий теңізінің ауданынан 356400 км²-ге кем және ол он үшінші орында тұр.

1-сұрақ. Байкал көлінің және Балхаш көлінің ауданы қанша шаршы километрді алып жатыр?

2-сұрақ. Әрбір көлдің ауданы қанша гектарды алып жатыр? (1 га = 10000 м², 1 км² = 1 000 000 м²).

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Жуық шамамен Каспий теңізінің ауданы Байкал көлі мен Балқаш көлінің ауданынан қанша есе артық (жеке алғанда)?

Жауабы: _____.

4-сұрақ. Барлық көлдердің ауданы неге тең? Жауабын гектармен жазыңдар.

Жауабы: _____.

9-есеп. Омыртқалы жануарлар.

12-кестеде біздің республикамыздың аумағында мекендейтін омыртқалы жануарлар саны туралы кейбір деректер көрсетілген.

12-кесте – Қазақстандағы омыртқалы жануарлар саны

| Кластары | Саны | Ескерту |
|-------------------------|------|--|
| Бауырымен жорғалаушылар | | $(0,33332 + 1,66668) : 200 + 48,99$ өрнегінің мәні еліміздегі бауырымен жорғалаушылар санын береді. |
| Қос мекенділер | | Еліміздегі қос мекенділер саны бауырымен жорғалаушылар санының $\frac{12}{49}$ -іне тең |
| Құстар | | 93 түрлі құстар қыстап шығуға ұшып келеді немесе көктем және күзде ұшып келеді (бұл біздің еліміздегі мекендейтін құстардың $\frac{31}{162}$ саны) |
| Балықтар | | балықтардың 3 түрі – дөңгелек ауыздылар (бұл біздің еліміздегі мекендейтін балықтар санының 2,9%) |
| Сүт қоректілер | | Сүт қоректілерге қарағанда құстың түрлері 308-ге артық |

1-сұрақ: Елімізде мекендейтін бауырымен жорғалаушылар саны қанша?

Жауабы: _____

2-сұрақ: Елімізде мекендейтін қос мекенділер саны қанша?

Жауабы: _____

3-сұрақ: Елімізде мекендейтін құстардың түрлері қанша?

Жауабы: _____

4-сұрақ: Еліміздің аумағында балықтың қанша түрі мекендейді?

Жауабы: _____

5-сұрақ: Елімізде мекендейтін сүт қоректілер саны қанша?

Жауабы: _____

6-сұрақ: Еліміздің аумағында омыртқалы жануарлардың қанша түрі бар?

Жауабы: _____

10-есеп. Киіз үй.

Киіз үй – киізбен жабылған қаңқалы көшпелі үй. Киіз үйдің негізгі бөлігі – ағаш қаңқа мен киіз жапқышы. Киіз үйдің сүйегін: жылжымалы керегекөз негізі – кереге, күмбез сырғауыл – уық, жартылай сфералы төбесі – шаңырақ, есік құрайды. Киіз үйдің керегесі бірнеше бөлек бөліктерден – қанаттардан құралады. Қанаттар санына байланысты киіз үйлер төрт қанатты, алты қанатты және т.б. болып бөлінеді.

13-кестеде алты қанатты киіз үйдің өлшемдері дұрыс көрсетілген, ал төрт және он қанатты киіз үйлердің өлшемдері ауыстырып берілген.

13-кесте – Киіз үйдің мөлшерлері

| № | Атауы | Қанатының саны | | |
|---|------------------------|----------------|------|------|
| | | 4 | 6 | 10 |
| 1 | Ауданы (кв. м.) | 2,05 | 32 | 3,8 |
| 2 | Диаметрі (м) | 20 | 6,75 | 3,75 |
| 3 | Уықтың биіктігі (м) | 66 | 2,7 | 10,1 |
| 4 | Уықтар саны (дана) | 2,28 | 96 | 77 |
| 5 | Ортасының биіктігі (м) | 5,1 | 2,95 | 158 |

1-сұрақ: Алты қанатты киіз үйдің өлшемдерін пайдаланып, төрт қанатты киіз үйдің өлшемдерін анықтаңдар.

Жауабы: _____

2-сұрақ: Алты қанатты киіз үйдің өлшемдерін пайдаланып, он қанатты киіз үйдің өлшемдерін анықтаңдар.

Жауабы: _____

Одан әрі қарай түрлер мен деңгейлерге бөлінбеген тапсырмалар келтірілген.

11-есеп. Бояу.

Бөлменің төбесі 35-суретте бейнеленгендей ортасы ақ эмульсиямен, шеттері жасыл эмульсиямен боялған.

1-сұрақ. Шеттерінің ені қандай болады?


Жауабы: _____.

2-сұрақ. Ақ эмульсиямен боялған бетінің ауданы қанша?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Жасыл эмульсиямен боялған бетінің ауданы қанша?

Жауабы: _____.



35-сурет

12-есеп. Өнімділік.

Ені 0,45 км, ал ұзындығы енінен 0,5 есе артық болатын тіктөртбұрышты жер теліміне күріш өсірілді.

1-сұрақ. Егістік ені қанша километр?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Егістік ауданы қанша гектар? ($1 \text{ км}^2 = 100 \text{ га}$)

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Әр гектардан x ц күріш жиналған болса, онда егістіктен барлығы қанша центнер күріш жиналды?

Жауабы: _____ .

13-есеп. Шаруа қожалығы.

Шаруа қожалығында 300 бас қой бар. Әрбір қойдан 5,1 кг жүн қырқылды. Жүнді жуғаннан кейін ол 1,2 кг-ға жеңілдеді. 1 кг таза жүннен 0,7 м мата тоқуға болады.

1-сұрақ. Шаруа қожалығының барлық қойларының жүнінен қанша метр мата тоқуға болады?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Жүннен тоқылған матадан көйлек тігу үшін орташа есеппен ересек адамға 2,5 м, ал жасөспірім қыз балаға 0,9 м мата кетеді. Ересек адамның көйлегі 10500 тг, ал жасөспірімнің көлегі 6700 тг тұрады.

Егер фабрика шаруа қожалығынан жуылмаған жүнді 1 кг-на 170 тг-ден сатып алса, өңдеуге кететін шығын сатып алған бағаның 30%-ын құраса әрбір бұйымды тігудегі экономикалық пайданы есетеңдер.

Жауабы: _____ .

14-есеп. Ойыншықтар дүкенінде.

Ойыншықтар дүкеніндегі әр түрлі үстел үстіндегі ойын түрлерінің бағалары келесі 14-кестесінде көрсетілген.

14-кесте

| Ойыншық түрлері | A | B | C | D | E | F | G |
|------------------|------|------|------|-----|-----|------|------|
| Бағалары (теңге) | 1130 | 1500 | 1030 | 920 | 850 | 4100 | 3250 |

1-сұрақ. Бағасы 1500 теңгеден аспайтын ойыншық түрлері санын табындар.

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Әкесі кішкентай қызына екі әр түрлі ойындар сатып алды, оған ол 2500 теңгеден кем ақша жұмсады. Мұнда сауданың нұсқалары санын табындар.

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Егер үш ойыншық сатып алса, дүкенде барлық саудаға 20% жеңілдік беріледі. Әкесі қызына қандай үш ойыншықты сатып алуына болатынын жазындар.

Жауабы: _____ .

15-есеп. Бөлмені жөндеу.

Офис бөлмесін жөндеу қажет. Айдос бұл жұмысты үш күнде, Ербол осы

жұмысты төрт күнде, ал Мейрам бес күнде орындайды. Келесі сұрақтарға жауап беріңдер.

1-сұрақ. Олар бұл жұмысты бірге қанша уақытта орындайды?

Жауабы: _____ .

2 сұрақ. Егер алдымен Айдос бір өзі үштен бір бөлігін, сосын қалған бөліктің жартысын – Ербол, ал ендігі қалғанын – Мейрам орындаса, барлық жұмыс қанша уақытта орындалады?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Барлық жұмысты кім тезірек орындыйды: Айдос бір өзі ме, әлде Ербол мен Мейрам бірге жұмыс істесе ме?

Жауабы: _____ .

16-есеп. Таулар.


15-кестеде әр континент бойынша ең биік таулар туралы мәліметтер көрсетілген. Осы мәліметтерді қолданып, таулардың биіктіктерін табыңыздар.

15-кесте – Таулардың биіктігі

| № | Таудың атауы | Тау орналасқан материк | Мәліметтер | Биіктігі |
|---|-------------------------------------|------------------------|---|----------|
| 1 | Эверест | Азия | | 8852 м |
| 2 | Аконкагуа | Оңтүстік Америка | Аконкагуа тауының биіктігі Эверест тауы биіктігінің 79%-ын құрайды | |
| 3 | Мак-Кингли | Солтүстік Америка | Аконкагуа тауының биіктігі Мак-Кингли тауынан 798 м-ге биік | |
| 4 | Килиманджаро | Африка | Килиманджаро тауының биіктігі Мак-Кингли тауынан 199 м-ге аласа. | |
| 5 | Эльбрус | Еуропа | | 6642 м |
| 6 | Винсон массивіндегі Сентинел жотасы | Антарктида | Сентинел жотасының биіктігі Аконкагуа мен Эльбрус тауларының биіктігінің айырымын 13,98 есе арттырғанға тең | |
| 7 | Косцюшко | Аустралия | Косцюшко тауының биіктігі Сентинел жотасының биіктігінен 2666 м-ге аласа | |

17-есеп. Әшекейлеу.

Ұзындық өлшемдері 4м және 2,5м қабырғаны 36-суретте көрсетілгендей плиткамен әшекейлеу қажет.



36-сурет

1-сұрақ. Берілген қабырғаның ауданы қанша?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Бір плитка қанша жерге жетеді?

Жауабы: _____ .

3-сұрақ. Берілген қабырғаны әшекейлеу үшін шамамен қанша осындай плитка керек?


Жауабы: _____ .

4-сұрақ. Берілген қабырғаны әшекейлеу кезінде сурет симметриялы болу үшін кем дегенде қанша осындай бүтін плитка керек?

Жауабы: _____ .

18-есеп. Әшекейлеу .

Қабырғасының ұзындығы 45 см ромб пішінді фигураны 37-суретте көрсетілгендей ромб пішінді плиткамен әшекейлеу қажет.



37-сурет

1-сұрақ. Берілген фигураның ауданы қандай?

Жауабы: _____ .

2-сұрақ. Берілген фигураны плиткамен толық толтыру үшін плитканың қабырғасы қанша сантиметр болуы керек?

19-есеп. Қозғалыс.

Велосипедші 4 сағат бойы 18 км/с жылдамдықпен жүрді.

1-сұрақ. Жолды 0,5 сағатқа тезірек жүріп өту үшін, ол қозғалыс жылдамдығын қаншаға арттыруы керек?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Жолды 20 км/с жылдамдықпен жүрсе, онда уақыт қалай өзгереді?

Жауабы: _____.

20-есеп. Жас.

Әкесі және баласының жасын бірге қосқанда – 30 жас, баласы мен атасының жасын бірге қосқанда – 60 жас, ал әкесі мен атасын бірге қосқанда – 84 жас.

Сұрақ. Сонда әкесі, баласы және атасының әрқайсысы неше жаста болғаны?

Жауабы: _____.

21-есеп. Санау.

Егер газеттің ашылған парағының сол жақ беті он сегізінші деп, ал оң жағы – отыз алтыншы деп нөмірленсе, онда осы газетте неше бет болғаны?

Жауабы: _____.

22-есеп. Спортшылар саны.

Шаңғы жарыс жолында Айнұрдың алдында 25 спортшы тұрды. Айнұрдың артында 19 спортшыдан кейін Елдос кезекте тұр. Елдостан кейін 7 спортшы бар.

1-сұрақ. Айнұрдың нөмірі нешінші?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Елдостың нөмірі нешінші?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Жарысқа барлығы қанша спортшы қатысуда?

Жауабы: _____.

23-есеп. Қашықтық.

Оқушыларға 60 тал отырғызу тапсырылды.

1-сұрақ. Талдарды 6 қатарға отырғызу керек болса, онда әрқатарда қанша талдан болады?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Талдарды әрқатарда 12 талдан болатындай етіп отырғызса, онда қанша қатар болады?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Талдарды 4 қатарға әрқатарда 5 талдан болатындай етіп отырғызуға болады ма?

Жауабы: _____.

2.4 Оқу сауаттылығы

Гендік тұрғыдан өзгеріске ұшыраған өнімдер

1-мәтін сұрақтарының сипаттамасы

| Сұрақтардың нөмірі | Сұрақтардың типтері | | | Мәнмәтін | | | | Құзыреттілік | | |
|--------------------|------------------------------------|-------------------------------------|---------|----------|----------|--------|--------|--------------|---------|------------|
| | Көп таңдауды қажет ететін сұрақтар | Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар | Өзіндік | Өзіндік | Көпшілік | Мектеп | Кәсіби | Саны | Өзіндік | Тұжырымдау |
| 1 | x | | | | X | | | | | |
| 2 | | x | | | X | | | | | |
| 3 | | | x | | X | | | | | x |
| 4 | | | X | | X | | | | | X |
| 5 | | | X | | X | | | | | x |
| 6 | | | x | | x | | | | | x |

1-мәтін

1. Елімізге киім-кешек, азық-түлік, жемістер, цитрус және т.б. тамақ өнімдерінің басым көпшілігі өзге мемлекеттерден, яғни Қытай, Ресей және т.б. тасымалданады. Тасымалданған өнімдердің қауіптілігі – құрамында ГМО (гендік модификацияланған организм) болуы, жарамдылық мерзімінен тыс ұзақ сақталуында. Кез-келген дүкенге немесе сауда орындарына бара қалсаңыз алдыңыздан көздің жауын алатын, пішіндері бірдей түсі де әдемі сырты жылтыраған жеміс-жидектерді көресіз, сатып аламыз. Енді сол сатып алған тағамдардың құрамы қандай? Қалай дайындалады? Қайдан келіп жатыр?

2. ГМО дегеніміз не? ГМО (*гендік модификацияланған өнімдер*) – биотехнологиялық әдістермен генетикалық құрамы өзгертілген организмдер (көбіне азық-түлік ретінде пайдаланылатын өнімдер, өсімдіктер, жемістер). Гендік модификацияланған өнімдерді (ГМО) өсіру үшін бір организмнің генін басқа бір өсімдіктің немесе жануардың ДНК-сына енгізіп, өзгеріс жасайды. Бұл операция арқылы организмнің кейбір табиғи қасиеттері өзгереді.

3. ГМО деген атынан үріккеніміз болмаса, оның қандай болатынын, пайда-зияны қаншалық екенін қарапайым халық біле бермейді. Себебі ГМО-ның адам денсаулығына әсері әлі толық зерттеліп біткен жоқ, қазіргі таңда оны зерттеумен әлемде көптеген ғалымдар айналысуда.

4. Ең алғашқы трансген қызанақ 1994 жылы АҚШ-та жасалыпты. Бұл қызанақтың ДНК-на солтүстік америкалық камбаланың гені орналастырылған. 1 жылдан соң америкада жасалған трансгеннің саны 9-ға жеткен: қоңыз жемес үшін колорадо қоңызының гені қосылған картоп, камбала гені қосылған аязға шыдамды жүгері, сарышаян генін қосқан құрғақшылыққа төзімді бидай т.б. өнімдер. Бұл өнімдер қатаң табиғат жағдайларында да өсе береді, ешқандай күтімді қажет етпейді және ең бастысы 10 есеге дейін арзанға түсіп, шаш етекпен табыс әкелетін *суперөнімдер* алынады. Бүгінгі күні 100-ден аса трансгендік дақыл жасалған. Бізге шетелден (әсіресе, АҚШ пен Қытай) әкелінетін ет пен балық консервілері, сүт өнімдері, жартылай фабрикаттар (60%-ы гендік өнім соядан тұрады), өсімдік майы, кондитер өнімдері гендік өнім дақылдардан жасалады. Тіпті, кейбір зерттеулер «Nestle» (шоколад, кофе, балалар тағамы), «Coca-cola» («Спрайт», «Фанта», «Кока-кола»), «Danon» (йогурт, айран, ірімшік, балалар тағамы), «Kelloggs» (дайын тамақ өнімі), «Unilever» (балалар тағамы, майонез, соус), «Mars» («M&M», «Snickers», «Twix», «Milky Way», «Mars» шоколадтары) құрамында да гендік өнім ингредиенттері барын көрсеткен.

5. Енді осы өнімдердің қауіпсіздігі қандай? Бұл сұраққа келгенде оқымыстылар пікірі 2-ге жарылуда: бір тобы – осы уақытқа дейін адамдарға кері әсері анықталмағанын айтып, ары қарай дамытуды қолдайды. Екінші топ (бұлар көптеу) трансгенмен қоректенген жануарларда әртүрлі ақаулар дамығанын айтып қарсы пікір айтады.

6. Зиянды тұстары, біріншіден, өте қауіпті аллергиялық реакциялардың пайда болуы. Мысалы: АҚШ-та адамдар ГМО өнімдерін еркін қолданады. Аллергиямен ауыратындар саны 70%-ды құрайды. Ал, Швецияда 7%, бұл өнімдерді қолдануға тыйым салынған.

Екіншіден, *трансгенді өнімдерді* пайдалану асқазанның сілемейлі қабатының құрылымын бұзады. Зат алмасудың бұзылып, иммунитеттің төмендеуіне әкеледі.

Үшіншіден, ісік ауруларының көбеюіне себеп болады. Жасушаларды мутацияға ұшыратады. Британия ғалымдары – генетикасы модификацияланған ГМ-картоптың, Италия ғалымдары – ГМ-сояның, Австралия ғалымдары – ГМ-асбұршақтың, француз зерттеушілері ГМ-жүгерінің жануарлар ағзасына қауіпті екендігін дәлелдеген.

7. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңында ГМО қарастырылмаған және 12-бабына сәйкес, (тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар) «сапасының айқын белгілері бар тамақ өнімдері оларды өндіру, айналымы және кәдеге жарату процестеріне жіберілмейді» делінген. Бұл жерде заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі ауадай қажет.

8. Ғалымдар генетикалық аппараттың қолдан өзгертіп өсірілген өнімдері бүгінгідей қарқынмен дами берсе, алдағы 40 жылдан кейін адамзат ұрпағы күрт кеміп, бүкіл биосфера бұзылып бітеді деген тұжырымға келуде.

9. ГМО – әуелі баста адамзат баласының күрт көбеюі салдарынан азық-түлік жетпей қалуы мүмкін деген жақсы ниетпен бидай, көкөністер, үй жануарларының ДНК құрамын өзгертіп, олардан көп өнім алуды көздеген. Десек те, қазіргі таңда ГМО экономиканың табыс көзіне айналды. Яғни, шығынсыз есеп, бұзылмайтын өнім, еркін сауда... Әрине, бұл пайдадан біздің еш үлесіміз жоқ, аграрлық саясатты ұстанатын, жер қойнауы бай мемлекет болсақ та, өзге елдің *жасанды өнімдеріне* тәуелдіміз. Аграрлық ел ретінде көп көлемде астық дақылдарын егеміз. Бірақ түрлі зиянкестер мен аурулардың (өсімдік аурулары) кесірінен еккен егіміздің шығымы, өнімділігі азайып, өзіндік құны қымбатқа шығады. Мұның бәрі – шығын. Бұл – тек бидайдың төңірегіндегі әңгіме. Ал бізде одан басқа да сақтау мерзімі шектеулі, тез бұзылатын ауылшаруашылық дақылдар, көкөністер мен жеміс-жидектер бар. Осының бәрінде біз өнімділікті ұлғайтып, сапасын көтерсек, өз елімізді ғана қамтамасыз етіп қоймай, өзге елдерге де экспортқа шығара алатын мүмкіндігіміз бар. Ал мұндай *фантастикалық өнімділікті* қалай көтереміз? Қолданыста жүрген химикаттар – пестицид, гербицид дегендер кешегі күннің технологиясы болып қалды. Денсаулықты ойласақ, дәл осы химикаттар ағзамызға зиянын тигізіп жатуы мүмкін. Сол себепті де біз жаңа технологиядан қашпай, қолданып, сол арқылы өнімділікті, өндірісті ұлғайта отырып, бір мезгілде бақылауды да қамтамасыз еткеніміз дұрыс. Өнімдеріміз өз елімізде өндірілетін болса, оның сапасы мен құрамы көңілге қонарлықтай болар еді, ал сырттан әкелініп жатқан *болашақтың өнімдерінің* қандай екенін, гендік модификацияға қаншалықты түскенін біле бермейміз.

Әрине, гендік модификацияланған азық-түліктер – ХХ ғасырдың биология саласындағы үлкен жетістігі, бұл да - инновация екендігін мойындаймыз, десек те, ұлт денсаулығы мен болашақ ұрпақ тағдырын ескеретін болсақ, өз табиғи өнімдіміздің құны мен құрамын жоғалтпағанымыз жөн.

Дереккөзі

<https://kk.wikipedia.org/wiki/bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/>.

Тапсырмалар:

1-сұрақ

Мақалада «Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер» деген сөз тіркесі бар, сол сөз тіркесіне сәйкес келетін сөзді немесе сөз тіркесін табыңыз. Бұл жауапты неге алғаныңызды 1 сөйлеммен түсіндіріп жазыңыз.

- А. Гендік модификацияланған өнімдер (2 абзац).
- В. Суперөнім(4 абзац).
- С. Болашақтың өнімдерінің (9 абзац).
- Д. Фантастикалық өнімділікті (9абзац).
- Е. Жасанды өнім (9 абзац).

2- сұрақ.

Мәтіндегі гендік инженерлік арқылы өсірілетін өсімдіктерді тізімін жасаңдар.

3-сұрақ.

Тапсырманы орындаңыз:

Мәтінде гендік өзгеріске ұшыраған өсімдіктердің барлығы туралы жазылған ба, жауабыңызды 1-2 сөйлеммен дәлелдеп жазыңыз.

4-сұрақ.

Мәтін «Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер» деп аталады. Осы сұраққа жауап беру үшін мәтінде келтірілген ақпараттар жеткілікті ме? Жауап нұсқасын таңдап және ойды аяқтаңыз.

- A. Жеткілікті деп есептеймін, себебі
- B. Жеткіліксіз деп есептеймін, себебі

5-сұрақ.

Мәтін мазмұнынан гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдерді өндірудің қажеттігін жақтаудың дәлелді себебі мен өнімдерді өндіруге қарсы болудың дәлелді себептерін кестеге жазыңыз.

| Жақтаудың дәлелді себептері: | Қарсы болудың дәлелді себептері: |
|------------------------------|----------------------------------|
| 1. | 1. |
| 2. | 2. |
| 3. | 3. |
| 4. | 4. |

6-сұрақ.

Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдерді өндірудің қажеттігін жақтаушыларға арналған 1 сұрақ және қарсы болушыларға арналған 1 сұрақ құрастыр.

Жақтаушыларға бір сұрақ:

_____?

Қарсы тұрушыларға бір сұрақ:

_____?

Тапсырмаларды орындауға арналған ұсыныстар:

1-тапсырма

1. Мәтінді зейін қойып оқып шығыңыз.
2. Мәтіннің көрсетілген абзацтарына зейін аударыңыз.
3. Сұрақтың жауабын белгілеңіз.
4. Бұл жауапты неге алғаныңызды 1 сөйлеммен түсіндіріп жазыңыз.

2-тапсырма

1. Мәтінді көз жүгіртіп қарап шығыңыз.
2. Мәтіннен гендік инженерлік арқылы өсірілген өсімдіктерді табыңыз.
3. Трансгендік өсімдіктердің тізімін жасаңыз.

3-тапсырма

1. Тапсырманы мұқият оқыңыз.
2. Мәтінде гендік өзгеріске ұшыраған өсімдіктердің барлығы қамтылған ба?-осы сұраққа жауап беріңіз.
3. Жауабыңызды бір-екі сөйлеммен өз сөзіңізбен жазыңыз.

4-тапсырма

1. Мәтінді зейін қоя оқыңыз.
2. Оның мазмұнына назар аударыңыз.
3. Жеткілікті деп есептеймін, себебін жазыңыз.
4. Жеткіліксіз деп есептеймін, себебін жазыңыз.

5-тапсырма

1. Мәтінді зейін қоя оқыңыз.
2. Мәтін мазмұнынан гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдерді өндірудің қажеттігін жақтаудың дәлелді себебін кестеге жазыңыз,
3. Өнімдерді өндіруге қарсы болудың дәлелді себептерін кестеге жазыңыз.

6-тапсырма

1. Мәтінді зейін қоя оқыңыз.
2. Мәтін мазмұнынан гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдерді өндірудің қажеттігін жақтаушыларға 1 сұрақ құрастырыңыз.
3. Мәтін мазмұнынан гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдерді өндіруге қарсы болушыларға арналған 1 сұрақ құрастырыңыз.

Тапсырмаларға жалпы түсінік

Тапсырма типі :позициялық.

Мәтін типі: жаңалық, публицистикалық; құрастырылған, бірыңғай.

Қиындық деңгейі: жоғары.

Бағалау кестесі.

Ең жоғары балл-5

1. Жауапта, кем дегенде, келесілердің біреуі ескерілген:
- мәтіндегі сөздің мағынасын түсінуі, сұрақтың мәнін түсінуі; 1
2. -мәтіннен қажетті ақпаратты іздеп тауып ала білуі, мәтінде кездескен өнімдердің барлық түрін көрсетіп тізім жасауы; 1
3. -берілген ақпаратқа талдау, сілтеме жасауы; 1
4. -өз көзқарасын дәлелді бере білуі; 1
5. -сұрақты нақты дәлелді қоя алуы. 1

№2-мәтін. Бүркіт (құс)

2-мәтін сұрақтарының сипаттамасы

| Сұрақтардың нөмірі | Сұрақтардың типтері | | | Мәнмәтін | | | | Құзыреттілік | | |
|--------------------|------------------------------------|-------------------------------------|---------|----------|----------|--------|--------|--------------|---------|------------|
| | Көп таңдауды қажет ететін сұрақтар | Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар | Өзіндік | Өзіндік | Көпшілік | Мектеп | Кәсіби | Саны | Өзіндік | Тұжырымдау |
| 1 | x | | | x | | | x | | x | |
| 2 | x | | | x | | | x | | x | |
| 3 | | x | | x | | | x | | | x |
| 4 | | x | | x | | | x | | | x |
| 5 | | x | | x | | | x | | | x |

2-мәтін.

1. Кең қанаттары (созған кезде 2 метрге дейін жетеді) мен қысқа құйрығы (30-35 см) ұшқан кезде «ұшып бара жатқан қанатқа» ұқсайды. Ұябасарының денесі шәулісіне қарағанда ірілеу болады. Латынша «алтын қыран» деген аты күштілік пен айбындылықтың белгісі ретінде 200 жыл бұрын берілген. Бүркіттің салмағы 3 кг-нан 6 кг-ға дейін. Үлкен құстары қара-күрең түсті, төменгі жақтары ақшылдау болады. Ұясын ағаштарға, құзжартастардың басына, ал далалы жерде – жерге салады. Өте жақсы ұшырады, жерде жақсы жүреді, жүгіре алады. Жемтігін ұстаған кезде, жартылай ашылған қанатымен ұстайды. Ұсақ және орташа сүтқоректілерді және құстарды ұстайды.

2. Қазақстанда ормансыз және шөл далалардан басқа барлық жерлерде кездеседі, бірақ сирек. Қыста көбіне оңтүстікке ұшып кетеді. Саны азайып бара жатқан, сирек кездесетін құс. Қазақстанда кең таралған, бірақ біркелкі емес, кездейсоқ. Жаланаңаш және күз-жартасты тауларды, қыраттарды, қарағайлы және басқа да тоғайларды, өзендердің жайылмасын, сексеуілді шөлдерді мекендейді.

3. Қазақстандағы жалпы саны белгісіз, шамасы бірнеше жүз болуы керек. Санының азаюының негізгі себептері: заңсыз аулау, қолда өсіру үшін ұядан балапандарын алу, ересек құстардың электр сымдарында, қақпан моңындағы уланған жемдерді жеп өлуі және қақпанға түсуі. Бүркітті қорғауды кеңінен насихаттап, заңды түрде қорғау тәртібін белгілеп, аңшы құс ретінде қолда бағу жағдайын жасау керек.

4. Бүркіт – қырандар ішіндегі ең ірі әрі күшті, дене бітімі мығым, жылдам ұшатын құс. Саусақтары салалы, ірі әрі бедерлі (мүйіз қабыршақты). Қауырсындары бір түсті қара қоңыр. Желкесі мен мойнының сырты сарғыш-жирен түсті. Жас бүркіттің құйрығы ақ, оның ұшында жалпақ қара жолағы,

қанатының астында ірі ақ қауырсындары болады. Бүркіттің қанатының шеткі қауырсындарын шалғысы деп, ал құйрығының ортасындағы екі қабат әлді қауырсынын көбесі, қалғандарын жібесі деп атайды. Ұябасарының бір қанатының ұзындығы (топшысынан шалғысының ұшына дейінгі аралығы) 65 – 74 см, шәулісінікі – 59 – 66 см. Ұябасарының салмағы 3,8 – 6,3 кг, шәулісінікі 2,8 – 4,1 кг. Бүркіттің құйрық қанатының ұзындығы 33 – 36 см. Тұмсығының үстіңгі жағы төмен қарай иіліп келген, ұшы үшкір болады

5. Табиғи жағдайда бүркіт жүз жылдай тіршілік етеді. Қазақ құсбегілері бүркітті жасына қарай ажыратып, атай білген. Мысалы: бір жастағысын – балапан, екідегісін – қантүбіт, үштегісін – тірнек, төрттегісін – тас түлек, бестегісін – мұзбалақ, алтыдағысын – көк түбіт, жетідегісін – қана, сегіздегісін – жаңа, тоғыздағысын – майтүбіт, ондағысын – барқын, он бірдегісін – баршын, ал он екі жастағысын – шөгел деп атаған.

6. Халық ұғымында бүркіт – текті әрі киелі құс. Мысалы, балалардың бас киіміне, бесікке бүркіттің бармағын тағып қойған.

7. Қыран бүркіт мықтылықтың, қайсарлықтың, еркіндіктің белгісі. Қазақстан Республикасының Туындағы бүркіт бейнесі азаттық айбыны ретінде бейнеленген.

Дереккөзі:

kk.wikipedia.org/wiki/

Тапсырмалар:

1-сұрақ.

Бүркіттің азаю себептері неде?

Жауабыңызды бір сөйлеммен жазыңыз.

2-сұрақ.

Бүркіттің дене бітімі қандай?

Жауабыңызды 1-2 сөйлеммен жазыңыз.

3-сұрақ.

II азбац не туралы?

A. Бүркіттің азаю себептері.

B. Бүркіттің дене бітімі.

C. Бүркіттің мекендейтін орны.

D. Бүркіттің мінез-құлқы.

Тапсырмаларды орындауға арналған ұсыныстар:

1-тапсырма

1. Мәтінді зейін қойып оқып шығыңыз.

2. Мәтіннен «негізгі себептері» деген кілт сөзін табыңыз.

3. Мәтіннің тақырыбына зейін аударыңыз.

4. Мәтінге сүйеніп, бір сөйлеммен жауап беріңіз.

2-тапсырма

1. Мәтінді көз жүгіртіп қарап шығыңыз.

2. Мәтіннен «денесі» немесе «кең қанаттары» кілт сөздерін табыңыз.

3. Машинадан басқа қандай көліктерді қолдануға болатыны туралы айтылған кеңесті табыңыз.

4. Мәтіндегі «алтын қыран» деген аты күштілік пен айбындылықтың белгісі деген сөйлемге мән беру.

5. Жауабыңызды бір, екі сөйлеммен өз сөзіңізбен жазыңыз

3-тапсырма

1. Тапсырманы мұқият оқыңыз.

2. Мәтіннен III абзацты тауып, тағы бір рет оқып шығыңыз.

3. Дұрыс жауапты тауып белгілеңіз.

4-тапсырма

1. Мәтіннен асты сызылған сөзді тауып алыңыз.

2. Сол сөздің синонимдерін еске түсіріңіз.

3. Алмастырып қолдануға болатын сөзді белгілеңіз.

5-тапсырма

1. Мәтіннен асты сызылған сөзді тауып алыңыз.

2. Сол сөздің беретін мағынасын ойланыңыз.

3. Алмастырып қолдануға болмайтын сөзді белгілеңіз.

Бағалау кестесі

Ең жоғары балл-3

1. Жауапта, кем дегенде, келесілердің біреуі ескерілген:

- табиғатты қорғауға (өз)үлесін қосу 1

2. Қоршаған ортаны қорғау мүмкіндігі 1

3. Дұрыс жауапта айтылатын мағына:

Жауапта сөзді дұрыс тауып қолдануы ескеріледі: 1

«Байқоңыр» гарыш айлағы туралы қызықты деректер

3-мәтін сұрақтарының сипаттамасы

| Сұрақтардың нөмірі | Сұрақтар типтері | | | Мәнмәтін | | | | Құзыреттілік | | |
|--------------------|-----------------------------------|-------------------------------------|---------|----------|----------|--------|--------|---------------------------|---------|------------|
| | Көп таңдауды қажетететін сұрақтар | Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар | Өзіндік | Өзіндік | Көпшілік | Мектеп | Кәсіби | Ақпаратты іздеу және табу | Өзіндік | Тұжырымдау |
| 1 | | | + | + | | | | | + | |
| 2 | | + | | | + | | | + | | |
| 3 | | + | | | + | | | | | + |
| 4 | | | + | + | | | | | | + |

3-мәтін

«Байқоңыр» – әлемдегі тұңғыш әрі ең ірі ғарыш айлағы. Халықаралық маңызы бар нысан туралы келесі қызықты деректерді көп адам біле бермейді.

1. 1995 жылдан бері Байқоңыр – Ресей Федерациясының құрамындағы федералдық маңызы бар қала.

2. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті кеңестік ракеталардың құпиясын сақтау үшін ғарыш айлағы орналасу жерінің екі сызбасын құрастырды.

3. Жасалған келісімшарт бойынша Байқоңырды жалға беру мерзімі 2050 жылы аяқталады.

4. 1950 жылы Қазақ даласында ғарыш айлағын салу құрылысы басталғанда ықтимал қарсыластарды алдау үшін Қарағанды облысының Байқоңыр кентінде ағаштан тағы да бір ғарыш алаңы салынған. «Восток-1» («Шығыс-1») кемесін ұшырғаннан кейін (кеменің бортында атақты Гагарин болған) осы кенттен 300 шақырым жерде орналасқан басқа ғарыш айлағына «Байқоңыр» атауы берілді.

5. Жер шарын алғаш рет айналып шыққан «Восток-1» кемесінің ұшу мерзімі – 108 минут.

6. «Байқоңыр» ғарыш айлағының астанасы – Байқоңыр қаласы. Қала 1955 жылдан бері салына бастаған. Құрылыс ғарыш айлағының маңызды нысандарын салумен бірге жүргізілген.

7. 130-дан астам отандық және шетелдік ғарыш «Байқоңыр» ғарыш айлағынан орбитаға ұшып шықты.

8. «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылған «Восток-1» кемесі белгіленген орбита бойынша 28 000 км/сағ жылдамдықпен қозғалды.

9. 50 жылдың ішінде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан 1500-ден астам әртүрлі мақсаттағы ғарыш аппараты, 100-ден астам континентаралық баллистикалық ракета, негізгі ракеталардың 38 түрі, сондай-ақ, 80-нен астам ғарыш аппараты және оның модификациялары ғарышқа ұшырылды.

10. 2000 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш ғарышкері – Тоқтар Әубәкіров «Жыл адамы» деп танылды.

11. Көптеген адамдар біле бермейді, бірақ 1998 жылы ғарышқа екінші рет ұшқан Талғат Мұсабаев «Мир» орбиталық станциясын құтқарды.

12. 2001 жылы Талғат Мұсабаев америкалық турист Денис Титомен бірге (әлемдік біріншілік) ғарышқа ұшты.

13. Юрий Гагаринді «ғарышкер» емес, «астронавт» деп атаған. Мұны Франция, Ұлыбритания, АҚШ басшылығы Мәскеуге жолдаған құттықтаулар дәлелдейді.

14. Байқоңыр қаласы бұрын «Ленинск» атауына ие болған.

Дереккөзі <http://e-history.kz/kz/publications/view/1183>

Тапсырмалар:

1-сұрақ.

Өзің үшін қандай ерекше қызықты мәлімет алдың? Жауабыңызды бір сөйлеммен жазыңыз.

2-сұрақ.

Қай мәліметте әлемдік біріншілік туралы айтылған? Мәліметтің нөмірін жазыңыз.

3-сұрақ.

Екінші және төртінші мәліметтерге сәйкес неге ғарыш айлағы орналасу жерінің екі нұсқасы болған? Жауабыңызды бір сөйлеммен жазыңыз.

4-сұрақ.

Мына сурет (38-сурет) қай мәліметке сәйкес келеді? Мәліметтің нөмірін жазыңыз.



38-сурет – Ғарышкер Т. Әубәкіров

Тапсырмаларды орындауға арналған ұсыныстар:

1-тапсырма

1. Мәтінді зейін қойып оқып шығыңыз.
2. Мәтіннің тақырыбына зейін аударыңыз.
3. Кіріспедегі «тұңғыш әрі ең ірі» деген сөздер тіркесіне назар аударыңыз.
4. Бір сөйлеммен жауап беріңіз.

2-тапсырма

1. Мәтінді көз жүгіртіп қарап шығыңыз.
2. Мәтіннен санға қатысты мәліметтерге назар аударыңыз.
3. Әлемдік біріншілік туралы мәліметке мән беріңіз?
4. Реттік нөмірін жазыңыз.

3-тапсырма

1. Тапсырманы мұқият оқыңыз.
2. Мәтіннен 2 және 5-мәліметтерді тағы бір оқып шығыңыз.
3. 2 және 4-мәліметтердегі микротақырыптарды белгілеңіз.

4. Жауабыңызды бір сөйлеммен өз сөзіңізбен жазыңыз.

4-тапсырма

1. Суретті мұқият қараңыз.
2. Оның детальдарына назар аударыңыз.
3. Оқылған мәтін мен суреттің қандай байланысы бар екенін ойланыңыз.
4. Мәліметтің нөмірін жазыңыз.

Бағалау кестесі.

Ең жоғары балл – 4

1. Жауапта кем дегенде келесілердің біреуі ескерілген:
 - әлемдегі тұңғыш ғарыш айлағы;
 - халықаралық маңызы бар нысан.
2. 12-мәлімет.
3. Дұрыс жауапта айтылатын мағына: құпиясын сақтау үшін.
4. Оныншы мәлімет.

Ақбөкендер

4-мәтін сұрақтарының сипаттамасы

| Сұрақтардың нөмірі | Сұрақтар типтері | | | Мәнмәтін | | | | Құзыреттілік | | |
|--------------------|----------------------------------|-------------------------------------|---------|----------|----------|--------|--------|---------------------------|---------|------------|
| | Көп таңдауды қажеттетін сұрақтар | Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар | Өзіндік | Өзіндік | Көпшілік | Мектеп | Кәсіби | Ақпаратты іздеу және табу | Өзіндік | Тұжырымдау |
| 1 | + | | | | + | | | + | | |
| 2 | | + | | | + | | | | + | |
| 3 | | + | | | + | | | | | + |
| 4 | | | + | | + | | | | | + |

4-мәтін

16-кестеде Қазақстандағы ақбөкендер санының өсу динамикасы көрсетілген. Қазақстанды мекендейтін ақбөкендер саны бұл жануардың әлемдік популяциясының 90 пайызын құрайды. Сарапшылардың айтуынша, 2016 жылы ақбөкендер қазақ даласынан мүлде жойылып кету қаупі бар.

Дереккөзі <http://abai.kz/post/view?id=5550>

16-кесте – Ақбөкендер саны


| Популяциялар саны (мың бас) | | | | | |
|-----------------------------|------------------|------------------|----------------|------------------|---------------------------|
| 85,5 мың бас | 102,0 мың бас | 137,5 мың бас | 187 мың бас | 256,7 мың бас | 225,7 мыңға азайған |
| 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |

Дереккөзі <http://el.kz/blogs/entry/content-1175>

Ақбөкендер Моңғолияда, Қалмақ даласы мен Қазақстанда ғана сақталған. Республикамызда Ақбөкендердің бір-бірінен жеке дара бөлінген Бетпақдала – Арыс, Үстірт және Еділ – Жайық деген топтары мекендейді. Ақбөкендер шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етуге бейімделген.

Ақбөкендер Ұлы Отан соғысы кезінде еркін өмір сүрді. Бұл Қазақстандағы ақбөкендердің ең көбейген кезі болды. Содан бергі уақытта дала еркесі – ақбөкен адамдардың жауыздығынан бірнеше рет жаппай қырғынға ұшырады. Сарыарқада қазіргі жүрген ақбөкендер саны – 31-32 мың ғана (39-сурет). Ал осыдан жиырма жыл бұрын түзде жосыған ақбөкендердің саны 1 миллион 400 мың болған екен. Үкімет ақбөкендерді 2006 жылы «Қызыл кітапқа» енгізген.

Дереккөзі <https://kk.wikipedia.org/wiki>



Дереккөзі http://go.mail.ru/search_images

39-сурет – Ақбөкендер тіршілігі

Тапсырмалар:

1-сұрақ.

2015 жылы ақбөкендер саны қанша бас болған?

- А. 15 мыңға жуық.
- В. 20 мыңға жуық.
- С. 50 мыңға жуық.
- Д. 31 мыңға жуық.
- Е. Ондай ақпарат жоқ.

2-сұрақ.

Ақбөкендердің саны шамамен қай жылы 1 миллион 400 мың болған екенін анықтаңыз.

3-сұрақ.

Автор не себепті 2-сұрақтағы жылдарды ерекше көрсетіп отыр?

4-сұрақ.

Ақбөкендер болашағы туралы ойыңызды бір сөйлеммен қорытындылаңыз

5-сұрақ.

Ақбөкендердің саны 2013 жылдан кейін қанша пайызға азайды?

А. 10-12%.

В. 57-60%.

С. 15-20%.

Д. 25-30%.

Е. 50-52%.

Тапсырмаларды орындауға арналған ұсыныстар:

1. 1-суретке мұқият қараңыз.

2. 1-суреттен қажетті ақпаратты алыңыз.

3. Екінші сұрақтың жауабына мұқият назар аударыңыз.

4. 2-суреттің қандай жағдайда бейнеленіп тұрғаны туралы ойланыңыз.

5. Мәтінді мұқият оқыңыз.

Бағалау кестесі.

Ең жоғары балл – 5

1. 31 мыңға жуық.

2. Шамамен 1995-1996 жылдары.

3. Осыдан жиырма жыл бұрын түзде жосыған ақбөкендердің саны 1 миллион 400 мың болған екен.

4. Барлық мәліметтер ақбөкендер саны қырыла берсе, олардың құрып кетеуі мүмкін екенін көрсетеді.

5. Ақбөкендердің саны 2013 жылдан кейін қанша 57-60 пайызға азайды.

Мазмұны

| | | |
|------|--|----|
| 1 | TIMSS халықаралық зерттеулеріне 8-сынып оқушыларын дайындайтын есептер жинағы..... | 3 |
| 1.1 | Тапсырмаларды орындауға нұсқау..... | 3 |
| 1.2 | Ғылыми жаратылыстану сауаттылық..... | 5 |
| 1.3 | Математикалық сауаттылық..... | 20 |
| 2 | PISA халықаралық зерттеулеріне дайындайтын есептер жинағы | 28 |
| 2.1. | Тапсырмаларды орындауға нұсқау | 28 |
| 2.2 | Ғылыми жаратылыстану сауаттылық | 30 |
| 2.3 | Математикалық сауаттылық..... | 37 |
| 2.4 | Оқу сауаттылығы..... | 46 |

1 Сборник задач по подготовке учащихся 8 класса к международным исследованиям TIMSS

1.1 Инструкция по выполнению заданий

Международное сравнительное мониторинговое исследование качества математического и естественнонаучного образования TIMSS является первым мониторинговым исследованием в области общего образования, которое позволяет проследить тенденции развития математического и естественнонаучного общего образования. В исследовании оцениваются образовательные достижения учащихся 4-х классов начальной школы и учащихся 8-х классов.

Сборник задач по подготовке к международным исследованиям TIMSS для учащихся 8 класса состоит из двух разделов. В первый раздел включены задания по физике, химии, биологии и географии, во второй раздел - по математике.

Естествознание

Задания естественнонаучного цикла разработаны согласно структуре составления заданий TIMSS.

Таблица 1 – Задания по естествознанию

| Содержательные блоки |
|---|
| <i>Биология:</i> Характеристики и жизненные процессы в организмах; клетки и их функции; жизненные циклы организмов, размножение и наследственность; разнообразие, адаптация и естественный отбор; человек и его здоровье; экосистемы |
| <i>Химия:</i> Классификация и состав веществ; свойства веществ; химические процессы |
| <i>География и астрономия:</i> Структура Земли и ее физические характеристики; земные процессы, циклы и история; ресурсы Земли и охрана окружающей среды; Земля в Солнечной системе |
| <i>Физика:</i> Физические состояния и изменения в веществах; источники энергии, тепловые явления; световые и звуковые явления; электрические и магнитные явления; силы и движение |

Результативность оценивается по видам учебно-познавательной деятельности – *знание, применение и рассуждение.*

Таблица 2 – Учебно-познавательные деятельности

| <i>Виды</i> | <i>Познавательные области</i> |
|-------------|--|
| Знание | Воспроизводить по памяти естественнонаучные факты; определять понятия и термины; описывать организмы, процессы, связи; приводить примеры, иллюстрирующие знание; демонстрировать знания об использовании приборов и материалов |
| Применение | Сравнивать сходные черты или различия; классифицировать заданные объекты; использовать модели, диаграммы, рисунки; находить связь, решения; интерпретировать информацию; объяснять различные явления |
| Рассуждение | Анализировать, решать проблемы; обобщать; интегрировать знания о различных разделах естествознания; формулировать гипотезы и выводы; планировать эксперимент в соответствии с поставленными задачами; оценивать преимущества и недостатки процессов, явлений |

Математика

Задания по математике, разработаны согласно структуре составления заданий TIMSS.

Таблица 3 – Задания по математике

| <i>Содержательные блоки</i> |
|---|
| <i>Числа:</i> Натуральные числа; обыкновенные и десятичные дроби; целые числа; отношения, проценты и пропорции |
| <i>Алгебра:</i> Зависимости; алгебраические выражения; уравнения/выражения и функции |
| <i>Геометрия:</i> Геометрические измерения; геометрические фигуры; расположение и движение фигур |
